




**ЕҢБЕККЕ  
ҰМТЫЛҒАН  
ЖАНҒА  
ЖҰМЫС КӨП**

2-бет



**АЛАЯҚТЫҚ  
ӘЛ БЕРМЕЙ  
ТҰР**

4-бет



**«МАНИПУЛЯЦИЯҒА  
ҰРЫНБАС ҮШІН  
СЫНИ ОЙЛАУ  
ҚАБІЛЕТІН  
ДАМУ ТҰТҚАЖЕТ»**

8-бет

# ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№55 (3586) 28 шілде 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## АРБАУМЕН ТАПҚАН АС БОЛМАС



**Қылмыс әлемінің тарихынан хабары бар кез келген адам алаяқтықтың өте ертеден келе жатқанын және оның дамуы әр елде әрқилы дәрежеде болғанын жақсы біледі. Мәселен, тұрмыс салтына байланысты туыстық байланысы жақсы сақталған қазақ елінде бұл ХХ ғасырға дейін өте сирек кездесетін қылмыс түрі саналды. Өйткені мұнда «У ішсең руыңмен» деген қағида жақсы сақталған.**

Егер біреу алаяқтықпен айналысып, өз ауылдастарын алдайтын болса ол бұл ортада ең жеккөрінішті адамға айналады. «Малым – жанымның, жаным – арымның садақасы» дегенді күнделікті өмірде естіп, көріп өскен адам еңбексіз, арам жолмен тапқан табыстың қайырсыз екенін біліп, одан бойын аулақ ұстайды. Ал ірі өнеркәсіп орны көбейіп, қалалық өмір салты дамыған елдерде алаяқтықтың түр-түрі пайда болып, ол жан қинамай оңай табыс табуды қалайтындардың күнделікті кәсібіне айналып кетті. Әдетте адам көп жиналатын базарлар мен өзге де қоғамдық орындарды көп жағалайтын алаяқтар қазір цифрлық технологияның арқасында ешқандай шекараны білмейтін «сиқырлы құралдарға» иелік ете бастады. Үйде отырып-ақ, әлеуметтік желілерді ақтарып отырып, өзіне қажетті ақпаратты оп-оңай тауып ала алатын олардың көлеңкелі бизнесінен зардап шегетіндер саны жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Мәселен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2022 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндамасына қарағанда, ең көп таралған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың ішінде алаяқтық, пара беру мен пара алудан кейін үшінші орында тұр. 2021 – 2022 жылдары оның саны 160-тан 311-ге дейін өскен.

(Соңы 3-бетте)

ІСКЕ СӨТ!

## ЖОҒАРҒЫ СОТТА - ЖАҢА БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ



Жоғарғы Соттың баспасөз қызметінің басшысы болып Марат Оқапұлы Мұхамедсәлиев тағайындалды. Марат Оқапұлының еңбек жолы төмендегідей:

1997 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Журналист.

1996–2000 ж.ж. - жаңалықтар қызметінің жүргізушісі, «Хабар» агенттігінің тілшісі.

2000–2005 ж.ж. – «Қазақойл» ҰНҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ, «ҚазМұнай-Газ» «Барлау Өндіру» АҚ PR-менеджері.

2006–2019 ж.ж. – Апта.kz («Қазақстан» РТРК»), «Қорытынды жаңалықтар» («Хабар» АҚ, ASTANA TV) бағдарламаларының жүргізушісі, шеф-редакторы.

2007–2023 ж.ж. – «KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ, «Ғылым қоры» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ, «ЖЭК бойынша РФО» ЖШС баспасөз қызметтерін басқарды.

ТҰҒЫП

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ - АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСТЫ ТІРЕК

Демократиялық, зайырлы мемлекет қалыптастыруда басты бағдардың заң үстемдігін орнатуға, ел азаматтарының құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға бағытталары белгілі. Заң, құқық қорғау, сот саласындағы іргелі өзгерістер мен соны реформалардың көздегені де осы. Соның ішінде Конституциялық Соттың құрылып, жұмыс жүргізуі – мемлекет пен халықты бір мақсатқа топтастырып, ел тілегін елеусіз қалдырмаудың пәрменді механизмі десек қателеспейміз.

Конституциялық Соттың тарихы тереңде. Әлемнің 70-тен астам елінде тұрақтылық пен заңдылықтың кепілі ретінде қызмет еткен Конституциялық Соттың жұмысы біздің мемлекетімізде тәуелсіздік алған кезден басталған болатын. Оның құқықтық негізі 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы арқылы жасалып, құжатта Конституцияны сот арқылы қорғаудың жоғары органы ретінде Конституциялық Сот

белгіленгені мәлім. Артынша жаңа институттың құзыретін жолға қоятын екі заң қолданысқа енгізілді. Осылайша 1992 жылғы 6 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» және «Конституциялық Сот ісін жүргізу туралы» заңдарды басшылыққа ала отырып Конституциялық Соттың төрағасы мен он судьясы сайланды.

Осы сындарлы кездің өзінде Конституциялық Сот өзіне жүктелген міндеттерді талапқа сай атқарып, қоғамдық резонанс тудырған бірқа-

тар қаулы шығарып, адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын құқықтық тұрғыда қорғау бойынша оң тәжірибе жинақтады. Бірақ, 1995 жылы Конституциялық Сот таратылды. Оған ең алдымен жаңа Конституцияның қабылдануы түрткі болған еді. Соған сәйкес, республика аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуге арналған Конституциялық Кеңес құрылып, оның нақты функциялары белгіленді.

1995 жылы Ата Заңымыздың 72-бабында Конституциялық Кеңестің уәкілеттік етер шеңбері жан-жақты көрсетілген. Яғни, Конституциялық Сот өз жұмысын бастағанға дейін бұл құзырлы орган ең алдымен Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын және республикалық референдум өткізудің дұрыстығын тексеру; Президент қол қойғанға дейін Парламент қа-

былдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеру; Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін тексеру құзыретіне ие болды. Сонымен бірге, халықаралық шарттар ратификацияланғанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін тексеру, Конституция нормаларына ресми түсінік беру, Президентті қызметінен босату немесе кетіру рәсімін сақтау туралы қорытынды беру (кеңеске ерекше жүгінбей – Конституцияның 47-бабы); Конституцияға түзетулерді қабылдау кезінде қорытындылар беру де Конституциялық Кеңес құзырына кірді.

Тағы бір басты бағдар Конституциялық Кеңес сот өтініштерін қарауға өкілеттік берумен өлшенеді. Міне, ел азаматтарының Кеңес жұмысына қатысты теріс пікірі де осы бапты қолданудан көрінеді. Конституцияның 78-бабында қандай да бір «сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайды деп ұйғарған жағдайлар» реті қаулыда тұр. Мұндайда сот не істейді? Бас құжатта дәйектелгендей, мұндай

жағдайда сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті болады.

Дәл осы тетік азаматтардың өз пікірін жолдау, өз ұстанымын білдіру құқығына қайшы келетіні заңгерлер мен заң қолданушылар арасында талайdan бері айтылып келген еді. Өйткені, Конституциялық Кеңес кезінде азаматтар тек сот процесіне қатысушы статусына ие болып, дауды таразылау барысында қолданылатын құқықтық норманың конституциялық емес екенін сот арқылы ғана көрсетуге құқылы болды. Яғни, осыдан көріп тұрғанымыздай, азаматтар сотқа процесі тоқтата тұру және ол бойынша шешім қабылдау үшін тиісті құқықтық мәселені ұсыну туралы тілегін Конституциялық Кеңеске тікелей жеткізе алды. Ал егер сот процеске қатысушының пікіріне құлақ аспаса және заңның даулы ережесі негізінде іс бойынша шешім шығарса, онда азаматтың тек сот қабылдаған шешімге шағымдануға ғана мүмкіндігі болды.

(Соңы 4-бетте)

СУДЬЯ МІНБЕРІ

АЛҚАБИЛЕР СОТЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында Президент реформалардың ішінде алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейту туралы атап өткен болатын. Сондай-ақ, құқықтық қорғау бойынша жұмысты жалғастыру және заң үстемдігіне қол жеткізу қажеттілігін белгілеген.

Бұл соттардың ашық және кәсіби болуын талап етеді. Осы орайда Жоғарғы Сот тарапынан оң игі іс-шаралар атқарылуда. Сот төрелігін сапалы атқару үшін кадрларды іріктеудің жаңа жүйесі ұйымдастырылып, сот процестерінің ашықтығы артып келеді.

Конституцияға сәйкес елімізде сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген сот ісін жүргізуді басқа да нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен өтеді.

Әділдік пен ізгілікті бойына жинаған қазақ халқы қазылық дәстүрді күні кешегі Қазан төңкерісіне дейін сақтап келген. Сондықтан қазақ даласында сот органдарының пайда болу және қалыптасу тарихын ұғыну үшін ежелгі қарапайым құқық тарихнамасын біліп қана қоймай, мемлекет аумағында қолданылған құқық нормалары, әдет заңдары мен салт-дәстүрлердің тарихы мен оның дамуын терең меңгеру қажет.

Қазақ хандығы құрылғаннан, билер институты шешімдері хан жарлығымен бірдей дәрежеде атқарылған.

«Би» сөзінің этимологиясы жайлы қазіргі күні нақты бір тұжырым айту қиын. Бірақ бұл тақырыпқа алғаш көңіл аударған белгілі ғалым Ш. Уәлиханов «би» сөзінің түбірін көне түркінің «бек» және «бей» сөздеріне негіздеп, оның негізгі мағынасы «сот» ұғымын білдіретінін атап көрсеткен еді.

Билерге тиесілі сот билігінің қазақ қоғамында ерекше маңызы бар,

ол басқару жүйесінде биліктің жетекші нысанына айналды. Көшпелі дәуірде басқару функциясы негізінен ұжымның ішінде рулар мен олардың арасындағы даулар мен талаптарды талқылаудан тұрды. Билер ереже талаптарын, дәйектемелерді түсіндіруде және шешімдер шығаруды талқылауда, сондай-ақ, осы шешімдерді орындау әдістері мен нысандарын айқындауда едәуір құқықтарға ие болды. Билердің қызметі тек сот әділдігін жүзеге асырумен шектелмей, олар қоғам өмірінің басқа да салаларына қатысты біріктіруші, бағыт беруші және жасампаз тұлға рөлін атқарды. Олардың салмақты пікірлерімен тіпті сұлтандар да санасты. Билердің көшпелі руларды басқарған кездері де аз емес. Демек, сол кездің өзінде билер соты аса құрметті және тәуелсіз орган болған.

Алқабилер заңы қабылданғанға дейін, Алқабилер соты – халықтың тілегі деп өз ойымды білдірген едім. Елімізде қылмыстық істерді қарауда тиімді болған соң, алқабилердің қатысуымен сот істерінің санаттарын кеңейту бойынша заңға түзетулер енгізілді.

Қазақстандағы алқабилер соты – он азаматтан және кәсіби судьядан тұрады. Заңға сәйкес өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына тағайындалатын қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен қаралуы тиіс.

Бүгінгі күні аса ауыр санаттағы істер ҚР ҚПК-нің 631-баппен қарастырылатын кезде, сотталушының өтініші бойынша, алқабилер соттарымен қаралады. Яғни, алқабилердің қатысуымен өтетін сот істері санының артуы байқалуда.

Павлодар өңірін алатын болсақ, облыс орталығы – Павлодар қаласы бойынша, алқабилерге үміткерлердің саны жеті мың бес жүзден он бес мыңға дейін ұлғайды.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап алқабилерді іріктеудің жаңа тәртібі енгізілді. Сот әкімшілігі Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп алқабилердің автоматтандырылған тізімін «Төрелік» АЖ мен «Смарт қызмет» арқылы қалыптастырады.

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот



Мұратғали ОКЕТАЙ, Павлодар облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

алқабиге үміткерлердің аталған тізімдерін ағымдағы жылдың соңына дейін өңдейді. Сот мамандары үміткерлердің көрсетілген мекенжайлары бойынша тұратынын, олардың мемлекеттік қызметші, мүгедек немесе қайтыс болғанын іріктеп, мұндай үміткерлер тізімінен шығарылып, олардың орнына басқа үміткерлер енгізіледі. Алқабиге үміткерлердің дайын тізімдері соттың компьютерлік дерекқорында сақталады.

Алқабиге үміткерлердің тізіміне жиырма бес жасқа толмаған адамдар кірмейтінін ескеріңіз, өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы, сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған, судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік және әскери қызметшілер, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, наркологиялық немесе жүйке-психиатриялық диспансерде есепте тұрған азаматтар бола алмайтыны көрсетілген.

Осы тұста заңға сәйкес 30 жасқа толған ел азаматтары судья бола алады. Бүгінгі күні судьялар сияқты алқабилердің де жасын 30 жасқа көтеру дұрыс деп ұсынамын.

Аса ауыр қылмыс жасады деп

айыпталған адам істі алқабилердің қарауы туралы сотқа өтініш түсіруге құқылы. Судьяның шешімімен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысуға шақырылатын үміткерлердің саны, негізгі сот талқылауының күні мен уақыты айқындалады. Үміткерлер тізімі жыл басында бекітілген тізімнен кездейсоқ таңдау арқылы, яғни компьютер арқылы қалыптасады.

Қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қараудың ерекшелігі сотталушының кінәсі немесе кінәсіздігі туралы мәселені кәсіби судьялар емес, сотталушының өзі сияқты азаматтар шығарады. Шешімдер заңның үстемдігі негізінде, алқабилердің әділдік идеялары, олардың өмірлік тәжірибесі мен ойы негізінде қабылданады. Алқабилер соты – сот төрелігін жүзеге асыруға, қатысу құқығын жүзеге асырудағы қоғамдық бақылаудың бір түрі деп түсіну қажет.

Сот ісін жүргізудің бұл ерекше түрі процестегі міндеттерді бөледі көздейді: алқабилер факті бойынша сұрақтарды шешеді (қылмыстық әрекет болды ма, жоқ па, сотталушы оны жасады немесе жасамады, ол кінәлі немесе кінәлі емес), ал кәсіби судья құқықтық мәселелерді шешеді.

Алқабилердің қатысуымен сотта жарыспалылық қағидатын іске асыру тетігі жеткілікті түрде толық көрініс тапқан. Қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылатыны белгіленген. Алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық процестің мақсаты – ол істің барлық мән-жайларын объективті, толық, жан-жақты анықтау және дәлелдерді зерделеу.

Сондықтан, алқа билерге жағдай жасай отырып, қаралып жатқан қылмыстық іс бойынша толық ақпарат алуын қамтамасыз ету үшін судья белсенді болуы керек. Ол үшін қажет болған жағдайда, оқиғаның барлық мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеу мақсатында судья қосымша дәлелдемелерді талап етуге құқылы. Мысалы, шет елдерді алатын

болсақ, бұл Англиядағы судьяның және Австриядағы алқабилердің құқығында көрсетілген.

Қылмыстық істі қарау кезінде судья тараптардың өтініші бойынша да, өз бастамасымен де дәлелді шешім шығару арқылы барлық жол берілмейтін дәлелдемелерді істен алып тастауға міндетті.

Кеңесу бөлмесінде судья төрағалық етуші болып саналады. Сондықтан ол алқабилер кеңесіне басшылық етеді, алқабилер жауап беретін негізгі және қосымша сұрақтарды рет-ретімен қояды, жауаптар бойынша дауыс беруді және дауыстардың есебін жүргізеді. Яғни, сотталушының әрекетіне баға беру үшін қойылатын сұрақтар нақты әрі түсінікті болу керек.

Кеңесу бөлмесінде қаралған қылмыстық іске және қойылған сұрақтарға байланысты түсінбеушіліктері болса алқабилер судьядан түсінік алуға құқылы екені қылмыстық іс жүргізу заңында бекітілген.

Қылмыстық процесті жүргізу заңында бекітілген билер алқасының кеңесу бөлмесіндегі әрекеттеріне байланысты, судья алқабилер қойған сұрақтарына талқылауға қатысып, жауап беруге құқылы екенін атап өткен жөн.

Істегі барлық дәлелдемелерді жан-жақты зерттеу негізінде ғана алқабилер сотында әділ үкім шығарылуы мүмкін.

Қазіргі таңда елімізде биліктің үш тармағының бірі – сот билігі.

Сот жүйесі – Президенттің тікелей қамқорлығында және оң назарында.

Әрбір судья өз қызметімен заңның үстемдігін, құқық пен әділдіктің салтанат құруын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік және қоғамдық мүддені қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Алқабилерді қатыстырып қылмыстық істерді қарау алдын ала тергеудің және сот әділдігі сапасын арттыруға көп әсер етті.

Ең бастысы, дәстүрлі билер сотынан бастау алатын еліміздің сот жүйесі қалыптасты. Осы ретте алқабилер сотының ұтымды әрі тиімді тәжірибесін қазіргі заманға бейімдеп қолданудың маңызы зор екенін атап, алқабилер сотының жаңа кезеңі бастау алды.

ПІКІР

Соңғы жылдары сот саласында жасалып жатқан өзгерістердің барлығы ең алдымен халықтың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған. Қабылданып жатқан заңдар да, сот жүйесіне енгізіліп жатқан технологиялар да ең алдымен халықтың сотқа сенімін күшейтіп, барынша ашықтық пен жариялылықты арттыруға бағытталып отыр.

АШЫҚТЫҚ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРДЫ

Қазақстандық сот жүйесін жетілдіру барысында экономикалық, әкімшілік, кәсіпкерлікке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық, өзге де салалық соттар өмірге енді. Алқабилер соттарға тартылып, медиация жүйесі жетілдірілді. Сот төрелігін жүзеге асыруға халық өкілдерінің біртіндеп тартылуы сала жұмысының ашықтығын қамтамасыз етті. Бұл өз кезегінде жұртшылықтың соттарға деген оң көзқарасының қалыптасуына әсер етті. Осылайша заң нормаларын жүйелі түрде жетілдіру, дауларды шешудің баламалы жолдарын енгізу, қолжетімділікті қамтамасыз ету, судьялар кәсібилігін арттыру, сот төрелігінің сапасын арттыру, соттардың ашық болуы міндетті шешімін тапты. Сот жүйесін дыбыс және бейнетүсірілім жүйелерімен жабдықтау жұмыстары кезең-кезеңімен іске асты. Нәтижесінде өркениет көшінен қалмай, ел азаматтарына сотқа электронды талап арыз беру, сот хаттамаларына электронды түрде ескертпе жасау, іске қатысушыларға электронды хабарламалар жіберу қызметтері қосылды. Бұл да болса халықты ашықтыққа шақырған бір қадам болатын.

ТМД елдерінің арасында Қазақстан алғашқылардың бірі болып тергеу судьясы институтын енгізді. Мемлекет басшысы отандық және шетелдік инвесторлар сенімін қалыптастыруда соттың барынша ашық әрі әділ болуы міндетін қойса, соған орай, елімізде инвестициялық дауларды қарайтын сот өндірісі жұмысын бастап, жетілдіруде. Экономикалық соттардың заңды тұлғалар арасындағы дауды шешуде, кәсіпкерлік саладағы құқықтық жүйені реттеуде тиімділігі зор болып отыр. Мұндай мамандандырылған соттар сот шешімін әділ шығарып, істің барынша сапалы қаралуына жол ашты. Бұл да болса сотқа деген сенімді арттырған бір шешім болды. Бүгінгі күні сала қағазбастылықтан арылып, цифрландыру жұмыстары да белсенді қолға алынуда. Алдағы уақытта жетілдірілген, барынша озық жүйелер мен жаңғыртулар енгізілген еліміздің сот саласы барынша халық сеніміне лайық боларына сенемін.

Бейсенбек ӘЛИЕВ, Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

БІР МҮДДЕ

ЕҢБЕККЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАНҒА ЖҰМЫС КӨП

Бүгінде масылдық пен мұқтаждық тақырыбы күн тәртібінде тұрған мәселеге айналды. Себебі, шын мұқтаж жанмен масыл адамның аражігін ажырата алмай қалдық. Қоғамымызда мұқтаждық бұл расымен бар. Мұндай топтың өкілдеріне мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп жатыр. Бірақ кейінгі кезде мұқтаждықты масылдыққа айналдырып отырған жағдайлар да жиі кездесуде. Осы тұста, мұқтаждық пен масылдықтың аражігін ажыратып алайықшы. Соңғы жылдары жиі айтылып жүрген «масылдық» қоғамымызда қайдан пайда болды? Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – Проректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Ләззат Еркінбаева біздің сұрағымызға жауап береді:



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жылы Павлодар қаласының жұртшылығымен кездесуінде осы қоғамдағы «масылдық» психологиядан арылуға және еңбекке қабілетті әрбір азамат отбасын асырауға міндеттілігін баса айтқан болатын. Еліміздің тұрақты даму жағдайында халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қорғау – стратегиялық басым бағыттардың бірі. Ата Заңымыз Конституцияның бірінші бабына сәйкес Қазақстан Республикасы – әлеуметтік мемлекет деп танылады және елімізде мемлекет тарапынан көмек қашанда әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен әлсіз топтағы азаматтарға көрсетіліп келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік жағынан әлсіз топтарды (егде жастағы адамдар, балалар, 1-2 топтағы мүгедектер, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар және т.б.) қолдау мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамаларын жүзеге

асыруда 90-нан астам НҚА қабылдан-ды. Бұл мәліметті Президентіміз Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде мәлімдеген болатын.Әлеуметтік әлсіз топтардың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін біршама жеңілдіктер қарастырылған, атап айтсақ, зейнеткерлер үшін зейнет-ақы қорындағы қаражатының білгілі бір мөлшерін мерзімінен бұрын алып, ипотекалық несие-ні өтеуге, баспана алуға, денсаулығына байланысты ем-дом шараларына жұмсауға мүмкіндіктер берілді. ЖОО-да көпбалалы отбасылар, ерекше күтімді қажет ететін мүгедек балалары бар отбасылар, толық емес отбасылардың балаларына арнайы жеңілдіктер, білім гранттары беріліп отыр. Еңбек – адамның рухын оятатын, сана-сезімін жетілдіретін күш. Елімізде жұмыс істейтін деген әр азаматқа мүмкіндік көп. Ал, еңбектен қашып, мемлекетті кінәлап, «масыл» болу бұл – арсыздық. Еңбек етпеу – адамның тұлғалық қасиетін, қабілетін жояды. «Масылдық» ұғымын «мұқтаждық» ұғымымен шатастыруға болмайды. Жұмыссыз отырып та, мемлекетке, отбасыға масыл болмай, адам қолдан келген шаруаны дөңгелетуіне болады.

Ал масылдық дегенді Отанға опасыздықпен теңестіруге болады. Өйткені, масыл адамның бойында отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық борыш, елге қызмет деген патриоттық сезім-сенім болмайды. Ұлы Абай масылдықты «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» деп бір шумақпен түйіндейді. Өкінішке орай, масылдықтың алдын алатын бізде ұлттық идеология жоқ және еліміздің дамуына кері әсерін тигізетін көзқарастан арылу үшін еңбектен ат-тонын ала қашатын «туңеядец» арамтамақты жауапқа тарту бүгінгі күні қажет деп есептеймін. Бұл тәжірибе Кеңес кезінде де жүзеге асырылып, нәтижесін берген болатын. Еліміздің әр азаматы «Жаңа Қазақстанның» өсіп-өркендеуіне атсалысуы, еңбектенуі – азаматтық борышы деп ұғынуы қажет.

Мұқтаждық деп тануда БҰҰ-ның арнайы әлеуметтік стандарттары және еліміздегі заң актілерінде белгілі бір критерийлер қарастырылған. Яғни, табыс көзі төмен, еңбекке қабілетсіз мүгедек жандар, сондай-ақ, жәрдемақымен күн көрушілерді мұқтаж деп санауға болады. Ал, масылдық – бұл қылмысқа итермеленуі кері күш. Масыл адамдар оңай табыс, ұрлық, мародерлікке жақын тұрады. Масылдық психологияны экономикалық мәселеге біржақты жауып қою дұрыс емес. Иа, қалтада ақшасы жоқ, екі қолға бір жұмысы жоқ адам – масыл адам, ал, масылдықтың пайда болуының түп-төркіні – отбасындағы тәрбиенің, елдегі ұлттық идеологияның жоқтығынан бастау алады. Одан өзге, қоғамда ажырасу мәселесі белең алып кетті. Оның ішінде ебін тауып жалған ажырасу арқылы материалдық пайда табуды, баспана алуды мемлекеттен көмек алуды көздейтіндер көбейді. Бұл әрекет алаяқтық деп бағалауға тұрады, себебі, шын мұқтаж отбасыларға қиянат жасалаып отыр. Жалған мен ақиқатты ажырата алмайтын күнге жеттік.Әр отбасында балаға тәрбие, тәлім толық берілген жағдайда бұл мәселе өз бетінше шешілетін еді. Қазақ дана халық, «Тәрибе – тал бесіктен» деп дөп айтқан. Осы жерде баланы отанды, ұлтын сүюге адам ретінде тәрбиелесек масылдық та инфантилизм де мәселе болмас еді.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АРБАУМЕН ТАПҚАН АС БОЛМАС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы маусым айының аяғында Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде алаяқтыққа арнайы тоқталды. Азаматтарымыздың алаяқтардың айналасына түсіп, алданып қалып жатқанын, құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс екенін, оларға ешқандай жеңілдік жасалмауы керектігін айтты.

— Алаяқтардың жасаған әрекетінен халық зардап шегуде. Мысалы, жақында бір туристік компания заңға бағынатын бір топ азаматты алдап, оларды қажылыққа жіберген. Енді кінәсіз адамдар Сауд Арабиясының полиция учаскесінде қамауда отыруға мәжбүр. Осындай алаяқ компанияның заңға қайшы әрекеті азаматтарымыздың денсаулығына, олардың моральдық жағдайына және жалпы еліміздің беделіне үлкен нұқсан келтіріп отыр. Бұл жерде, әрине, адамдардың құқықтық сауатсыздығы да бар. Енді мемлекетіміз, яғни Сыртқы істер министрлігі оларға барынша көмектесуі қажет. Ал Ішкі істер министрлігі алаяқ компанияның басшылығын, қызметкерлерін заңға сәйкес жауапқа тартуға тиіс. Әділетті қоғам құрамыз десек, дәл осындай өзекті мәселелерді шешуіміз керек, — деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЖАЗА АУЫРЛАДЫ

Қылмыстық кодекстің 190-бабының 1-тармағы бойынша алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену — мүлкі тәркіленіп, 1000 АЕК дейінгі мөлшерде айып-

пұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, немесе 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2-тармағы бойынша адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; адам өзінің



қызмет бабын пайдалана отырып; ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен; мемлекеттік сатып алу саласында жасалған алаяқтық — мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айырылады. Немесе 4000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не 4 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 3-тармағы бойынша ірі мөлшерде; мемлекеттік

функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам, не оған теңестірілген адам, не лауазымды адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса; екі немесе одан да көп адамға қатысты; бірнеше рет жасалған алаяқтық — мүлкі тәр-

баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды: қылмыстық топ жаса-са; аса ірі мөлшерде жасалса — мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 10 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып онсыз, ал осы баптың үшінші бөлігінің 2-тармағында көзделген жағдайларда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

## АЛАЯҚТЫҢ АЙЛАСЫ КӨП

Қазіргі кезде алаяқтықтың ең көп таралған түрлері: вишинг пен фишинг болып отыр. Мемлекеттік қызметтер мен онлайн ақпараттың Еgov электрондық үкімет порталындағы мәліметке қарағанда, вишинг — әлеуметтік инженерия элементтері бар алаяқтықтың бұл түрі телефон арқылы азаматтардың жеке мәліметтерін ұрлауға бағытталған. Фишинг — пайдаланушыны алдауға, оны өзі және оның картасы туралы құпия ақпаратты ашуға мәжбүрлеуге мүмкіндік беретін әдістер жиынтығы. Оны пайдаланушылардың негізгі мақсаты — азаматтардың жеке және төлем деректерін иемдену, олардың банктік шоттары мен ақшасына қол жеткізу. Мәселен, телефон алаяқтарының негізгі схемаларының біріншісі: әлеуетті жәбірленушінің ұялы телефонына қоңырау шалып, өзін банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының қызметкерлері деп көрсетеді. Олар қазақстандық қаржы инсти-

туттарының абоненттік нөмірлерінің көшірмесін жасауға мүмкіндік беретін SIP телефония сияқты бағдарламалық құралды пайдаланады. Әңгімелесу кезінде олар жәбірленуші картасынан ақшаны шығару әрекеті болғанын хабарлайды және жеке кабинетінен құпия сөзді өзгертіп, жаңа пароль мен SMS кодын ұсынуды сұрайды. Сондықтан банк қызметкерлері қоңырау шалса, сөйлесуді дереу тоқтату керек. Өйткені, нақты банк қызметкері сіздің жеке деректеріңізді нақтылау үшін тұтынушыға ешқашан қоңырау шалмайды. Бұл ақпарат тек алаяқтар үшін қажет.

Екінші, алаяқтар әлеуетті жәбірленушінің ұялы телефонына қоңырау шалып, өздерін тәртіп сақшылары ретінде көрсетеді. Олар сіздің атыңыздан немесе сіздің туыстарыңыздың, достарыңыздың үстінен арыз түсіп, 190-баптың 3-бөлімі — аса ірі көлемдегі алаяқтық бойынша тергеу жүріп жатқанын хабарлауы мүмкін. Мұндай жағдайда күдіктің қай полиция бөлімшесінде тұрғанын, оған қандай бап бойынша айып тағылғанын, әрекет қашан жасалғанын, адвокаттың көмегі көрсетілді ме, онымен қалай байланысуға болатынын сұрау керек. Сондай-ақ, өзін шақырған ұйымның сенім телефонына бұл жағдай туралы айтып, қоңырау шалу қажет.

Үшінші, заманауи технологиялардың көмегімен алаяқтар әңгімелесушілермен белгілі бір сценарийлер немесе аудио жазбалар бойынша «байланысатын» дауыстық роботтарды пайдаланады. Онда: ЖСН, жеке басын куәландыратын құжат нөмірі, картаның толық мәліметтері, SMS коды сияқты маңызды мәліметтерді алғысы келеді. Мұндай жағдайда әңгімені мемлекеттік тілде жүргізіп, күдіктенген жағдайда байланысты үзу керек.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

ШУАҚ

## «ДАРА» - ЖАНАШЫР ЖОЛСЕРІК

«Дара» қоры тәлімгерлердің басын топтастыратын ұйым. «Дара» қорының міндеті — жетім балалар мен білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға, оларды әлеуметтендіруге және даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыру. Аталмыш тәлімгерлер жобасының негізгі мақсаты — тәлімгермен достық арқылы балалар үйлеріндегі жасөспірімдерді әлеуметтік өмірге дайындау.



Жобаға 25 жастан асқан, кем дегенде 2 жыл бойы баланың өмірінде бірге бола алатын кез келген қазақстандық азамат тәлімгер бола алады. Бұл демеуші емес, дос. Тәлімгер балалар үйінің балаларымен өз білімін бөліседі, онда өз бетінше өмір сүру дағдыларын дамытады, көмектеседі және қолдайды, өзінің өмірлік тәжірибесін бағдарға ала отырып, өз қамқорлығындағы балаларды қиын сәтте тыңдауға және көмектесуге, кеңес беруге, болашақты таңдау кезінде бағыт беруге және қойылған мақсаттарға жетуге ынталандыруға қабілетті ересек досқа айналады. Бүгінгі таңда жоба Қазақстанның 15 қаласын қамтып, 200 тәлімгермен жұмыс жасап отыр. Жоба

аясында тәлімгерлікке келу жолын халықаралық қатынастар маманы Самал БҰҒЫТАЕВА былай сипаттайды:

— Осындай жобаның бар екенін бұрыннан білетінмін, бірақ қатысу мүмкіндігі 2020 жылы туды. Басында қорқыныш болды әрине, себебі бұл үлкен жауапкершілік. Дегенмен, өзімді қолға алып батыл қадам жасадым. Надямен таныспас бұрын өзімнің ішкі түйсігіммен сездім, тәлімгерім қыз болатындығын. Адаптация орталығына барғанда да жалғыз қыз отыр екен, бірден жаным алып алдым. Міне, содан бері 3 жыл өтті.

Біз аптасына кемінде бір рет міндетті түрде жолығамыз. Кейде екі рет, әрине, бұл екеуіміздің уақыт ыңғайымызға қарай. Бастапқыда бізге балалар үйінің айналасынан ұзап кетуге болмайтын еді, бірақ уақыт өте келе бірге сыртқа шығуға мүрсат берді. Надя екеуіміз тауға шығып, кино көріп, мүмкіндік болса түрлі мастер-класстардан өтуге тырысатынбыз. Тәлімгерім қайсар қыз, ізденімпаз. Оның осы қасиеттері маған ұнайды. Жасап көрейік, барайық, зерттейік деп ынтығып тұрады. Бірақ бір кезде мынадай жағдай болды, Надя ағылшын оқуын тоқтатқысы келді. Мен тіл білудің маңызын айтып, қайрап, қайта осы істі қолға алуына себепші болдым. Сол кезде тағы да көзім жетті, өмірде әсіресе, осындай тағдыр сынағы жазылған балаларға жол көрсетер жол серік керек екеніне.

Қазір Надя он алтыда, колледжге оқуға тапсырды. Шаштарам мандығына түсті, бұйыртыс колледж бітірген соң, университетке заңгер мамандығына түсу ойында бар. Оқу мен бірге жұмысты қатар алып жүр. Он сегіз жасын Стамбұл қаласында атап өткісі келіп, жұмысқа да тұрды. Мен оның бұл бастамасын қолдаймын, алдағы уақытта көмектесетін де боламын. Біздің жоба бойынша белгіленген 2 жыл уақытымыз аяқталғанымен, байланысты үзбейміз. Әрқашан бір-бірімізді іздеп тұрамыз. Жасөспірімдерге әсіресе осы жас аралығында тыңдаушы жанын түсінетін адам болуы маңызды. Өзі де кейде құрбыларымыз бар, бірақ мәселелерін бойынша олармен кеңесе, ақтарыла сөйлесе алмаймын деп айтып қалады. Сол үшін кез келген сәтте жанынан табылуға тырысамын.

Балалар үйінің мамандары 11 жастан асқан жасөспірімді асырап алатын жандар сирек. Оларға ата-ана емес, дос, сырлас, кеңесші қажет көрінеді. Алайда жоба аясында 20-ға жуық жасөспірімді өз тәлімгері асырап алыпты. Тәлімгер болуға кез келген адам өтініш бергеннен, кез келгені тәлімгер болып кете алмайды. Тек арнайы мектептен өткен, қойылған талаптарға сай жандар ғана тәлімгер бола алады екен. Дегенмен, қоғамдағы осынау мәселеге бей-жай қарамай тәлімгерлік етуге дайынмын деген кез келген жанға бағын сынап көруді ұсынар едік. Ашық деректерге сүйенсек қазір Қазақстан бойынша 600-ден астам жасөспірім тәлімгер іздейді. Сізге неге сол тәлімгердің бірі болмасқа?

Нұрбол ЖЫЛЫС,  
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Ұлттық статистика бюросы халықтың құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне деген сенім деңгейі бойынша зерттеуінің нәтижесін жариялады.

## ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ - ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ



Респонденттердің полиция жұмысы туралы 22,8 пайызы, прокуратура туралы 20,2 пайызы, өртке қарсы қызмет туралы 18,7 пайызы, сот жүйесі туралы 16,2 пайызы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы 12,9 пайызы, экономикалық тергеу қызметі туралы 8,8 пайызы хабардар. Атап айтқанда, прокуратура қызметіне сенетіндер 57,1 пайызы, ішінара сенетіндер 30,6 пайызы, сенбейтіндер 4 пайызы, ішінара сенбейтіндер 3,9 пайызы, жауап беруге қиналғандар 4,4 пайызы құрады. Полиция органдарына сенетіндер 57,5 пайызы, ішінара сенетіндер — 30,5 пайызы, сенбейтіндер 3,9 пайызы, ішінара сенбейтіндер 4,3 пайызы, жауап беруге қиналғандар 3,8 пайызы болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенетіндер үлесі 43,4 пайызы, ішінара сенетіндер 32,6 пайызы, сенбейтіндер 5,7 пайызы, ішінара сенбейтіндер 5,5 пайызы, жауап беруге қиналғандар 12,8 пайызы көрсетті. Өртке қарсы қызметке сенетіндер 72,1 пайызы, ішінара сенетіндер 22,4 пайызы, сенбейтіндер 1,2 пайызы, ішінара сенбейтіндер 1,1 пайызы, жауап беруге қиналғандар 3,2 пайызы құрады. Экономикалық тергеу қызметіне сенетіндер 40,2 пайызы, ішінара

сенетіндер 32,2 пайызы, сенбейтіндер 5,8 пайызы, ішінара сенбейтіндер 4,6 пайызы, жауап беруге қиналғандар 17,3 пайызы болды. Сот жүйесіне сенетіндер үлесі 55,2 пайызы, ішінара сенетіндер 31 пайызы, сенбейтіндер 3,7 пайызы, ішінара сенбейтіндер 4 пайызы, жауап беруге қиналғандар үлесі — 6,1 пайызы көрсетті.

Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне деген сенім деңгейі бойынша зерттеу жылына екі рет жүргізіледі. Соңғы зерттеуге іріктемелі әдіспен іріктелген 18 005 үй шаруашылығы немесе республикадағы үй шаруашылықтарының жалпы санының 0,35 пайызы қатысты. Іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде 15 және одан жоғары жастағы үй шаруашылығының бір мүшесі сұралды.

Сауалнамаға сәйкес, халықтың 57,9 пайызы тұрғылықты жерінде өзін толық қауіпсіз сезінеді. 33,7 пайызы жеткілікті деңгейде қауіпсіз десе, 6,5 пайызы қауіпсіз емес деген. Ал 1,1 пайызы мүлдем қауіпсіз емес десе, 0,8 пайызы жауап беруге қиналған. Ерлерге қарағанда (64,7%) әйелдер (51,7%) өздерінің толық қауіпсіздікте екенін азырақ сезінеді.

Өңірлер бөлінісінде өздерін толық қауіпсіз сезінетіндердің ең көбі Ақтөбеліктер (76,5 пайызы), ең азы Маңғыстаулықтар (25,1%). Сауалнамаға қатысқан ауыл тұрғындарының 66,2 пайызы өздерін толық қауіпсіз сезінсе, бұл көрсеткіш қала тұрғындары арасында 52,8 пайызы көрсетіп отыр.

Респонденттердің жауаптарына сәйкес, көшеде қауіпті сезінудің негізгі себептері жарықтандырудың болмауы/жеткіліксіздігі. (21,4%), жалғыз шығудан қорқу (16,7%), шабуылға ұшыраудан қорқу (16,0%) және әйелдердің 17,5% шабуылға ұшыраудан қорқатындықтан өздерін қауіпсіз сезінбейді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ - АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСТЫ ТІРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарапайым азаматтардың Конституциялық Кеңеске тікелей жүгіне алмауы талай мәрте алқалы жиындардың талқы тақырыбына айналғаны белгілі. Бұл жерде Конституциялық Кеңеске сот процесіне қатысушылардың емес, тек апелляциялық немесе кассациялық сотқа ғана жүгінетінін кезек күттірмей шешу, заңды тұрғыдан реттеу өзекті мәселенің бірі болатын.

Міне, құқықтық қоғам өкілдерінің көңілін күпті еткен осы жайға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көңіл аударып, нақты тапсырмалар жүктеуінің арқасында Конституциялық Сот құру бойынша қадамдар жасалды. Осылайша 27 жыл бойы табысты жұмыс істеген Конституциялық Кеңестің бар құзыреті Конституциялық Соттың құзырына өтті.

Шын мәнінде, Конституциялық Сот – еліміз үшін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық Сотқа тікелей өздері

шағымдана алады. Сонымен қатар, Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де Конституциялық Сотқа жүгінуге құқылы. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық Сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев осы ретте.

Яғни, Қазақстанның құқықтық алаңындағы басты институт саналатын Конституциялық Соттың негізінің қалануына 2022 жылғы 16 наурыздағы Президент Жолдауы ықпал етті. Осылайша, бұл мәселе жан-жақты зерттеліп, биылғы 1 қаңтардан аталған сот өз жұмысын бастаған болатын. Ендеше, жаңадан құрылған Конституциялық Соттың жұмыс істеу механизмі қандай? Оның басты ерекшелігі неде, мақсат-міндеттері қандай? Сонымен бірге Конституциялық Сотқа кім және қалай шағымдана алады? Бұл сауалдар реформаның ертеңіне алаңдаған талай жұртшылықтың көкейінде тұрғаны ақиқат. Сондықтан келденең сұрақтарды басы ашық қалдырмай, қоғамның құқықтық сауатын көтеру аса маңызды.



Светлана ЖУЫНТАЕВА, Қызылорда облыстық сотының судьясы

Жаңа институт 2022 жылы 5 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық

Соты» туралы заңын басшылыққа алады. Заңнамаға сәйкес, Конституциялық Сот төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады. Төраға лауазымын ҚР Президенті Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды. Ал орынбасарды Президент Конституциялық Сот төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды. Мұндағы төрт судьяны Президент тағайындаса, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын Парламент палаталары төрағаларының ұсынуымен Сенат пен Мәжіліс тағайындайды. Конституциялық Сот төрағасы мен судьяларының өкілеттігі сегіз жылға созылатынын да айта кету керек. Әрі бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып бір реттен артық тағайындала алмайды.

Өзіміз байқап, бақылап отырғандай, Конституциялық Соттың жаңа құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар мен түрлі салада көп жылдық тәжірибесі бар заңгерлер кіреді. Бұл құрамға жүктелер жұмыс, артылар аманат қомақты. Конституция-

лық Соттың бүгінгі ұжымына мызғымас заң үстемдігін қалыптастырып, азаматтардың әділдікке, теңдікке, тура төрелікке деген сенімін нығайту міндеттеледі.

Жаңа мемлекеттік құрылымда демократияны дамытудағы Конституциялық Соттың рөлі маңызды. Өкілеттіктері бойынша, Конституциялық Сот неғұрлым кең құзыретке ие. Атап айтқанда, заңдардың ғана емес, орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің де Конституцияға сәйкестігін қарастыра алады. Ал Конституциялық Кеңес тек алдын ала бақылау жолымен заңды күшіне енген нормативтік құқықтық актілерді қарайтын. Өтініш субъектілері бойынша Конституциялық Сотқа жүгінетін субъектілер көп, ең бастысы, бұл құқық азаматтарға берілген. Конституциялық Кеңесте субъектілердің шектеулі тобы ғана болады, оған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ғана кіреді. Осыдан байқалып тұрғандай Конституциялық Соттың мәртебесінің айқындалуы және судьяларды сайлау тәртібі әрі құрылымдық мәселелері де Конституциялық Кеңестен өзгеше. Жаңа жұмысын бастаған бірегей құқықтық институт жұмыс тәжірибесінде ел дамуына қызмет етіп, халықтың қорғанына айналса нұр үстіне нұр.

## АЛАЯҚТЫҚ ӘЛ БЕРМЕЙ ТҰР

Соңғы жылдары елімізде алаяқтық деректері еселеп өсіп барады. Тіпті, жазасын өтеу мекемелерінде отырғандардың тең жартысын алаяқтық бабы үшін отырғандар құрайтынын ескерсек, олардың жолын кесіп, алдын алу жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын сезіне түсеміз. Алайда, олар қылмысы әшкереленіп жазаланып жатса да айылын жияр емес.

Осы орайда атап өтер жайт, жыл басынан бері алаяқтар байқалып отыр. Ranking.kz зерттеуіне сүй-

құқықбұзушылық – бір жыл бұрынғыдан 4,2%-ға артық. 2022 жылы «Алаяқтық» бабы бойынша жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың саны бір жыл ішінде 5,9%-ға өсіп, 43,5 мың оқиғаны құрады. Оның ішінде интернет-алаяқтыққа қатысты 20,6 мың дерек тіркелген», – делінген. Демек алаяқтардың айласы асып барады.

Мәселеге орай пікір білдірген заңгер Нұра Тынысқызы: «кейбір қылмыстар күрт өскен жағдайда жазаны қатаңдату тәжірибесі бар. Бізге де осы қадамға бару керек секілді. Өйткені, елімізде алаяқтар тым еркінсіп кетті. Халықтың кейбір деректерін қайдан алатынын білмейсің. Телефонның,

аты жөнін біліп отырады. Бұл қорқыныш ұялатады. Алаяқтардың мұндай айлакерлігіне еліміздің полициясы да, тұрғындары да дайын емес. Осы орайда жазаны қатаңдату арқылы, олардың жауапкершілігін көтеру керек секілді. Тек алаяқтарды жазалап қана емес оған қарсы күреске қоғамды да дайындауымыз керек. Қазір алаяқтардың кесірінен несиеге батып қалатындар көбейіп отыр. Айналып келгенде алаяқ «екі асап биге шығып отыр». Қара халық қарызға батып қалды. Сонда банктердің жауапкершілігі қайда. Әшейін жібере салған код неге онлайн несие рәсімделуіне мұрындық болуы керек?! Алаяққа неге мұндай оңай мүмкіндік беріледі? Онлайн қызметті барынша оңайлатамыз десек те, халықтың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек қой. Сондықтан бұл жерде банктердің де жауапкершілігін күшейту қажет» дейді.

Әсіресе ғаламтор алаяқтары өршіп барады. Мәселен, биыл алғашқы екі айда құқық қорғау органдары онлайн-алаяқтардан құқық бұзушылық туралы 3,4 мың шағымды қарауға алды, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,1% артық екен. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан да түрлі шаралар қабылдап, банктер ескерту жасап, қауіпсіздік жүйесін күшейтіп алаяқтықтың алдын алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде халықтың да қаржылық сауатын күшейтіп, алаяқтарға жем болмау жолдарын үйретсе құба құп!

Қуаныш ЕРМЕКОВА, «Заң газеті»



қазақстандықтарды 80 млрд теңгеге алдап кеткен. Бұл соманың 30,4 млрд теңгесін жеке тұлғалар алданып, өз қолымен алаяқтарға ұстатса, мемлекетке 48,8 млрд теңге, кәсіпкерлікке 515,7 млн теңге шығын келтірген көрінеді. Жалпы жыл басынан бері алаяқтықтан келген шығын алты есеге өскені

енсек, алаяқтар «Қазақстанда биылғы қаңтар-наурыз айларында 10 мыңнан астам қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді, бұл бір жыл бұрынғыдан 1,8%-ға артық. Мұндай құқықбұзушылықтардың жартысына жуығы интернет-алаяқтық жағдайлары болып отыр: 4,7 мың қылмыстық

Қазіргі таңда жалған ақпарат тарату арқылы халықты үрейлендіргіш адам саны арқан. Жалған немесе дәлелденбеген ақпаратқа жаза бар екенін бірі білсе, бірі білмейді. Ақпараттар көбіне бізге әлеуметтік желі арқылы келеді. Әсіресе, өнер адамдары, саясаткерлер, спортшылар тағы басқа да ел алдында жүрген адамдар туралы жалған ақпарат, өсек сөздер көп. Бүгінгі сайттар тек қана сонымен күн көріп отырғандай көрінеді тіпті.

## ХАЙП ҚУМА!



Оқырманды да сондай жеңіл желпі сары жағал дүниеге үйретті. Бүгінгі журналистика тіпті атақты адамдардың әлеуметтік желідегі парақшаларын аңдудан әріге аса алмай қалды. «Мен бүгін бір жаман түс көрдім» – деп жазса, сол әнші сол күні бүкіл сайттардың жұлдызы. Бұдан бөлек, қазір әншілерді ажырастырып қайта қосатын сайттар да бар. Сахнаға бірге шыққан әншінің бәрін бірден үйләндіріп, ұзатып тастайды. Бұл журналистиканың жүгі, мақсат мұраты емес. Оқырман да бұл жерде төреші, қатал сыншы. Мұндай ақпарат таратқан ресурстан бірден бас тарту парақшасына қайта кірмеу сарыжағал беттердің санын азайтады. Біреудің есебінен хайп қуып, мал түгендеу адал журналистиканың жұмысы емес. Сондықтан біздің қоғам ақпарат тарату мәдениетін қалыптастыру қажет. Талғап, таразылап сүзгіден өткізіп берген дүниенің ғана ғұмыры ұзақ. Жалған ақпарат таратқан жағдайда қылмыстық жауапкершілік көзделген. Қылмыстық кодексте қоғамдық тәртіпті бұзу мақсатында жалған ақпарат таратқандарға бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Жалған ақпарат апатты және төтенше жағдайлар кезінде де көп таратылатыны сөзсіз. Тіпті, кей адамдар басқа мемлекетте болып кеткен оқыс оқиғаны Қазақстанда болғандай етіп таратып көрілім жинап жүр. Таратылған кез келген ақпарат қылмыс нышаны бар болса арнайы сараптамадан өтеді. Сондықтан қазіргі журналистикаға жалған ақпараттан алыстап, адал бәсекеге қабілетті дүниелер жасау қажет. Жұрттың үрейін еселеу журналистиканың жұмысы емес.

Ш. КӨПІРБАЙ

Өркениетті қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі, ол жанымызды жегідей жеп бара жатқан – сыбайлас жемқорлық. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі бағыты осы зұлымдықпен күресу. Бұл қатерлі жегі-құрт, әлеуметтік экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізетін, елдің даму болашағына балта шабатын құбылыс. Мемлекеттік жүйені бұзатын қатерлі ауру. Мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал ететін де осы дерт. Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды.

## ОРТАҚ МІНДЕТ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа

адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек. Есебін тауып екі асайтын жемқорлардың жолын кесу, бізге де сіздерге де міндет.

Әсел БАЙСЕИТОВА, Түркістан облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот отырысы хатшысы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы:

## «ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН БҰЗАДЫ»

– Гүлдана Амангелдіқызы, қоғамда қандай да бір оқыс оқиға болса, әлеуметтік желілерде неше түрлі фейк-ақпараттар толып кетеді. Осыны жасап тарату кімдерге пайдалы деп ойлайсыз?

– Әлеуметтік желіде отыратын кез келген адам, көзбен көріп, оқып отырған ақпаратын ой елегінен өткізіп, рас-өтірігін ажыратып отырмайды. Өйткені, мәлімет көп, оның қайсыбіріне фактчек жүргізіп отырады дейсіз?! Әсіресе, апатты және төтенше жағдайлар мен саяси оқиғалар кезінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған хабарламалар көп тарайды. Мен мұндай ақпарат тарату арнада-тушыларға пайдалы деп айтар едім. Бірінші, ондай адамдар халық арасында алауыздық тудыру мақсатында мұндай іс-әрекетке баруы мүмкін. Екінші, фейк ақпарат тарату арқылы жұртшылықтың назарын аударып, оқылым санын арттырып, жарнама арқылы пайда табуды көздеуі мүмкін. Олар мысалы, фейк аккаунттар түрлі дәрі-дәрмектер, көптеген таблеткаларды танымал адамдардың атынан бүркемелеп, жарнамалап пайда табуды көздейді. Соңғы уақытта осындай үрдіс қоғамда орын алған. Ал әлемдік бизнестің түрлі саласында осындай жалған ақпараттардың салдары қыруар шығынға ұшыратады.

– Неліктен біздің қоғам әлеуметтік желілерде тараған ақпараттарға сенгіш?

– Жалпы, жалған ақпараттың таратылу жолы мінсіз және адамды бірден сендіретін күшке ие. Ал қоғам шын ақпаратты оқып, ізденуге енжарлық танытқаннан соң, ақпараттың анығын, нақтылығын тексермегеннен кейін фейкке тез сенгіш келеді. Әсіресе, қандай да бір желі арқылы бейнетүсірілім немесе дыбыстық хабарлар тараса, сол ақпаратты әлеуметтік

желіде оның ара жігін ажыратып алмай жаппай бөлісіп, әрі оқиғаның жай-жапсарын білмей жатып соған сенеміз. Мәселен, WhatsApp арқылы туысынан, жақындарынан, таныстарынан келген ақпаратқа адам тез сенеді. Бірақ адамдар бір-біріне ақпаратты жібермей тұрып, мұның салдары қандай болады деп ойламайды. Заң бойынша жалған ақпарат таратқандарға жаза бар. Оған дәлел 2016 жылы жер мәселесіне қатысты митинглер кезінде осы оқиғаларға түк қатысы жоқ фотосуреттерді Facebook-те «Қызылорда қаласындағы митинг» деп жариялаған азамат 2 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына тартылса, ал 2017 жылы YouTube-та тұрғын үйлердің біреуі құлағаны жайлы видео таратқан Семей тұрғыны 2,5 жылға бас бостандығын шектеу жазасына кесілген еді.

– Жалған хабарлама тарататын адамдар көбінесе кімдер? Олар өз әрекеттерін қалай түсіндіреді?

– Мұны нақты мынандай адамдар деп айту қиын. Себебі, жалған хабарлама тарататын адамдардың ниеті саяси да болуы мүмкін. Яғни, қоғамның тыныштығын қасақана бұзу. Одан кейін мұндай әрекетке жүйке жүйесі тозған, психологиялық аурумен ауыратындар және жалған ақпарат таратудың қылмыс екендігін, оның салдарын білмейтін құқықтық сауаты төмен жандар баруы мүмкін. Бірақ қандай жағдайда да жалған ақпарат тарату бұл – қылмыс. Заңды білмеу заңдық жауапкершіліктен босатпайды.

– Шын ақпаратты фейктен қалай ажыратуға болады?

– Ақпараттың шынайылығын білу үшін алдымен дереккөздерді жіті тексеру қажет. Яғни, интернеттегі веб-парақшасын тексеру керек.



Жаңалықты ұсынып, жазып отырған авторы туралы іздену қажет. Жазылған мақала немесе жаңалық бойынша қосымша ақпараттар іздеу керек. Мысалы, бұл ақпарат туралы БАҚ-та ресми мәлімет жазылған ба дегендей.

Жалпы, ақпараттың нақты мақсатына, автордың көзқарасына, ұстанымына және ақпаратты толық оқу үшін келесі веб-сайтқа сілтеме беріле ме, осыған мән беру қажет. Сондай-ақ, суреттердің, түсірілген бейнетүсірілімдердің уақытына, сәйкес келуіне, нақтылығына мән беру керек. Қазір негізгі ақпарат көздерінің бірі – әлеуметтік желілер. Сондықтан әлеуметтік желілерге фактчекінг жүргізу арқылы тұтынушыға шынайы ақпарат беруді ойластыру керек секілді.

– Жалған ақпарат таратудың жазасы қандай?

– ҚР Қылмыстық кодексінің 274-бабына сәйкес жалған ақпарат тарату бұл қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін әрекет болып табылады. Көрінеу жалған ақпарат таратудың жазасы 1000 АЕК немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. ҚР ҚК 274-баптың 2-тармағына сәйкес келесілер, яғни: адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып; бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жалған ақпарат тарату – 300 мың АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал, азаматтар, ұйымдарға немесе мемлекетке ірі залал келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер жасаса – 5000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 1000 екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,  
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

## ТАПҚАНЫҢЫЗ ТОЙҒА ШАШЫЛМАСЫН

Несие алу бойынша қазақстандықтар бұрын соңды болмаған рекордтық көрсеткіш көрсетті. Мамандардың айтуы бойынша маусым айында жеке тұлғаларға берілген несие көлемі 1,2 трлн теңгеден асқан. Тарихта болмаған деп таңдай қағатындай-ақ қаржы. Автонесие және ипотекалық несиелер мен қатар той жасау үшін де қарыз рәсімдейтіндердің қарасы көп. Ия, қазір «қазакең» қарны тойып ас ішпесе де, көпшілікті шақырып той беруге әуес. Машықтанып алды деуге болады, шілдехана, бесік той, тұсау кесерден басталған қуаныштар легі 50 жас, 60, 70 жас секілді мерейтойларға дейін ұласып жатыр.

Өміріңіздің бел ортасындағы үйлену той, қоныс той секілді атаулы даталар тағы бар. Қысқасы қарыз алып, шығындалуға себеп көп. Біреудің отбасындағы қуанышты қызғанғандай болмайық, дейтұрғанмен көпшілікке ерген кейбіреулер осы той үшін белшесінен қарызды болып жатқанынан қынжылғандықтан, бүгінгі жазбамызды тойды кәсіп көріп, нәсіп етіп жүргендер жайында, өзгерген салт пен дәстүр қақында, шашылудың реті осы екен деп шашетектен шығындалатындар яки сондай түсінік тұрғысында сөз еткізі келеді.

Қуаныш жақсы ғой, алайда той бар-

көбі көпке бармай шаңырағы шайқалып, керегесі сөгіледі-мыс. Былтыр 17,7 мың жас отбасы екі жаққа тарқасқан. Мамандар ажырасатын отбасылардың дені жаңадан көтерілген шаңырақ екендігін алдыға тартады. Енді әлгі несиеге жасалған тойға қайта оралыңыз. Төрт сағаттық қуаныш аяқталып, ағайын тарқасқаннан кейін екі жастың мойнында миллиондаған несие қалады. Көбі осы әлеуметтік жетіспеушіліктің жүгін көтере алмай, көтерген байрағын төмен салады. Несие қалыбы кеудесін қысып, төлеуге келгенде тұтқандардың дені әлгі 17,7 мыңдықтың қатарын толтырып отыр.

тырып беретін орталықтардан бастап, әншіңіз, асабаңыз, безендіру қызметін ұсынатындар, тағысы тағы бар реті келсе қалтаңызды қағуға даяр тұр. Бағаларын да естіп жүрген боларсыз, айды сұрамағанымен соның жобасында пұл талап ететіні рас. Эстрада жұлдыздары Қайрат Нұртас, Төреғали Төрелі, Ерке Есмахан секілді халық сүйіктілерін қуанышыңызда өнер көрсеткенін қаласаңыз біраз қамдануыңыз керек. Аздаған уақытта миллиондарды әкете барады. Осы тұста өнер иелерінің табысына тоқтау салу керек, тым шарықтап кеткен, тіпті, табыс көзін растап, салық төлеу керектігін айтып жүргендер бар. Қоғамның басым пікірі аталған талап-тілектерді қолдағанымен, той бизнесінің өкілдерін бір ізге салу мүмкін болмай тұр. Осы тұста өнім, қызмет түрлерінің бағасын түзеп отыратын тараптар табылып, қараша қалтасына қонымсыз бағаларды ретке келтіру керек секілді. Аты той болғанымен, заты қызмет түрі ғой, ортақ бағасын бекітіп, бұқара қызметіне жаратса нұр үстіне, нұр болар еді. Сол уақытта әлгі салықтан жалтарып жүргендерді де жөнге салуға болар ма еді?

Дарақылыққа бет бұрып, дүркіретуге әуес тойшыл қауымның қалауы да сан түрлі. Ерекшеленуді жақсы көретін қанша қазақстандық қуанышын ұйымдастыруда «ерсіленіп» кетіп жүрген жоқ па? Жарысқа айналған бүгінгі тойдың түрі де, мазмұны да тым қатты өзгерді. Әлгі бай мен кедей арасындағы таптық бөліністің тым алшақтаған ара-жігінің айқын шекарасындай болған той мәселесіне келгенде тағы бір жайтты назарыңызға салғымыз келеді. Әлеуметтік зерттеу нәтижесінде отбасын құру жасы ұлғайып, бойдақтар қартайып барады екен деген байламға тоқталғанымыз қашан. Бұл істің себебін біз айтайық, қалтасы жұқаның қалыңдық сүюге шамасы жоқ. Шашетектен шығындалып жасайтын тойға дайындық көп жылдарды қажет етеді, тойсыз үйлі болуға ұят жібермейді. Осы бір түсініксіз түсініктің саясында қанша жарты бір бүтін болуға қауқарсыз жүр хәм үйлену жасын ұлғайтуда.

Қарапайым қолды бір-ақ сілтеп қоятын құндылық болғанымен, артында үлкен әлеуметтік мәселе тудырып тұрған бұл той ісіне бір тоқтам керек-ақ. «Тапқаным тойда шашылсын» деген бейқамдық бүгінгі нарықтық қоғамда өз маңыздылығын жоятын секілді. Ұлттық дінгегімізден нәр алған салт-жоралғыларымыздың дәстүрін бұзбай, ысырапшылдыққа, мақтангершілікке яки жарыс құмарлыққа бой бермей өткізсек, «құда да таныш, құдағи да тыныш» емес пе?

Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

БЕДЕЛ

Сот жүйесіндегі реформаларды мінсіз жүзеге асыру бірінші кезектегі жалпыұлттық міндет, соның ішінде судьялар мен сот қызметкерлеріне қойылатын тікелей талап. Сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту мәселесі биліктің күн тәртібінен түскен емес. Біз, судьялар заңның үстемдігін, әділдік пен баршаның заң алдындағы теңдігін сақтауды, осылайша гүлденген мемлекеттің негізін қалауды мақсат етеміз.



## ҮШ САТЫЛЫ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ АРТТЫ

Судьяға сот төрелігін уақытылы және сапалы жүзеге асыру, істі объективті, жан-жақты және толық қарау үшін ең үлкен жауапкершілік жүктелген. Судьяның жеке қасиеттері де бұл ретте маңызды рөл атқарады. Сот төрелігін іске асыру кезінде судья адал әрі бейтарап болуға, тек Конституцияға және Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына ғана бағынуға тиіс. Бұл мықты және тәуелсіз сот билігі – мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімді іс-қимылының кепілі.

Бүгінде судьялық лауазымдарға кандидаттарға қойылар біліктілік талаптары барынша қатаңдатылды, мемлекет атынан төрелік айтушыларға зор міндеттер жүктелді. Судьялардың біліктілігі үшін жаңа ережелер бекітіліп, судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар күшейтілді, бес сатылы сот жүйесі үш сатылы сот жүйесіне көшіп, әр сот сатысының жауапкершілігі мен құзыреті артты. Сот ашықтығы мен жариялылығына баса назар аударылып, көпшіліктің ақпаратқа қолжетімділігі қамтамасыз етілді.

Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Соттың белсенді рөлі әрине бірінші саты сотын да жүзеге асырылып отырғанын жоққа шығаруға болмайды.

Судьялар әкімшілік істерді қарау барысында ӘРПК-нің талабында көзделген судьяның құқықтары мен міндеттерін бұлжытпай орындап, белсенділік танытып, сот төрелігін сапалы жүзеге асыруға міндетті.

А.ЖУСИПОВА,  
Шымкент қаласының  
мамандандырылған ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы



дың малын шашады, жоқтың абыройын ашады. Байдың дүркіретіп, таңды таңға ұрып, айлатып өткізген тойын, шашыларға малы жоқ, шашылмасқа амалы жоқтардың да жасағысы келіп жатқаны қаншама. Ресми дерек көздерінен нақты статистикалық ақпарат болмағанымен, әлгі 1,2 трлн несиенің көбі той жасау үшін рәсімделгенін ішіңіз сезіп отырған болар? Осы тұста той несиенің түйткілді мәселесін назарыңызға саламыз. Әлем халықтарының арасында әрбір 13 секунд сайын 1 жұп ажырасады екен. Бұл көрсеткіш біздің елімізді айналып өтеді деген сөз жоқ. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, орта есеппен жылына 140 мың отбасы шаңырақ көтерсе, оның 50 мыңы қайта ажырасуға өтініш береді екен. Демек, отыз пайызынан

Азғантай уақыттық қызыққа бола қарызданып, қос ғашықтың тағдыр иірімдерін тым қатты қиындатпаса болмас па еді, елге тоқтау айтып, жалған намыстың жетегіне еріп, ысырапшылдыққа жол бергендерді жөнге салатын бір жан болғанда ғой, несие алушы да, ажырасушылар да аз болар еді, әттең, асыл арман...

Қазақстанның көп аймақтарында болған азамат ретінде айтайын, сіз барған қала, аудан орталықтарында белгілі бір кәсіпорын, өндіріс аймақтары болмауы мүмкін, алайда той ғимараттары, салтанат сарайлары самсап тұрады. Бұл дегеніңіз халқымыздың ауыр еңбекке қарағанда ойын-сауыққа, той-томаққа бейім екенінің бір көрінісі. Жолын тапқандар тойды да кәсіп етіп отыр. Қуанышыңызды қызықты етіп ұйымдас-

САРАП

ТАРАПТАР ТЕНДІГІ САҚТАЛАДЫ

Қылмыстық сот ісін жүргізу – қылмыстық-процестік заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Қылмыстық істерде айыптаушы және қорғаушы тараптар қатысады.

Тараптар дегеніміз – сот талқылауында жарыспалылық және тең құқылық негізінде айыптауды (қылмыстық қудалауды) және айыптаудан қорғауды жүзеге асыратын органдар мен тұлғалар.

Айыптаушы тарапқа қылмыстық қудалау органдары (прокурор, тергеуші, анықтаушы), сондай-ақ, жәбірленуші (жекеше айыптаушы), азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері жатады.

Қорғаушы тарап – күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі.

Ал, куә, куәгер, сарапшы, маман, аудармашы, медиатор, сот отырысының хатшысы, сот приставы тараптар құрамына кірмейді, олар қылмыстық заңға сәйкес қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар деп аталады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

Тек, қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізудің шарттары ҚР Конституциясында, Қылмыстық – процесстік кодексте, заңдарда және ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

ҚПК-нің 23-бабына сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық процеске қатысатын тараптар тең құқылы, яғни оларға ҚР Конституциясына және осы кодекске сәйкес өз ұстанымын қорғауға бірдей мүмкіндіктер берілген. Сот процесстік шешімді тек тараптардың әрқайсысына бірдей негізде зерттелуіне қатысу қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді.

Қорғаушы күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға міндетті.

Сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды, айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейді және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді.

Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз процесстік міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайларды жасауға міндетті.

Тараптар қылмыстық сот ісін жүргізу барысында өзінің ұстанымын, оны қорғаудың тәсілдері мен құралдарын дербес және сотқа, басқа да органдар мен адамдарға тәуелсіз таңдайды. Сот тараптың өтінішхаты бойынша оған осы кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді.

Қылмыстық істі қарайтын сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптаушы және қорғаушы тараптарға оларға істің мән-жайларын жан-

жақты және толық зерттеуге деген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай жасайды, яғни қосымша куә, мамандар, сарапшыларды сотқа шақыруға немесе заң шеңберінде жинақталған өзге де қосымша дәлелдемелерді сотқа ұсынуға, басқа да процесстік құқықтарын тең пайдалануға мүмкіндік береді.

Осымен бірге, сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

Бұл ретте сот істе бар және ұсынылған дәлелдемелерді заңда көзделген тәсілдермен зерттейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинауға құқылы емес, сондай-ақ, сот істе бар және сот отырысында тараптар ұсынған дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктілігі мәселелері бойынша тараптардың пікірімен байланысты емес.

Қорыта айтқанда қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процесстің міндеттерінің бірі болып табылса, ал екінші міндетін адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан қорғау, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуге жол бермеу, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету деп түсінген жөн.

Жоғарыда айтылғандарға қол жеткізу үшін судья қылмыстық сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз, әділ, бейтарап, объективті болуы және ҚР Конституциясы мен заңға ғана бағынуы тиіс.

С.ТАШИМБАЕВ, Ақтөбе қаласының №2 сотының судьясы

ПӘРМЕН

Отбасын құру да Отан алдындағы жауапкершіліктің бірі. Ол өзгеге қамқор болу, өз туын тігу, сол шағын шаңырақта ұрпақ өрбіту, мемлекетке, ұлтқа, елге пайдалы болу.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ ОРЫНДА



Бұрын осы жауапкершілік жоғары болатын. Қазір отбасын құрып, үйленгісі келетін екі жас көп ретте осы жауапкершілік пен міндетті сезіне бермейді. Асығыс шешім қабылдап, апта, ай өтпестен, бір бірін көріп, танысып біліспестен шаңырақ құра салады. Ол жас отбасы өмірдің қиындығына тәзіп, бар ауыртпалықты қол ұстасып құрып жатқан барлық отбасылар бір жанұя болып кетіп жатса қуана құптайсың, сүйсіне отырып, өзгеге үлгі етесің. Алайда, бүгінгі таңда көп ретте, отау құрып жатқан барлық отбасы осындай жақсы жанұя болып кетіп жатыр деп тағы айта алмайсыз. Оған бүгінгі статистика дәлел. Өкінішке қарай, айырылысып жатқан отбасылар да көп ретте бала қасірет шегеді. Баланың болашағы күйрейді, әдемі үмігі, келешекке деген сенім-сезімі жоғалады. Жауапсыз ата-ананың шалт шешімінен баланың өміріне балта шабылады. Біз әрине, жараспаған ерлі-зайыптыны күштеп қайта қоса алмаймыз, демократиялы, зайырлы қоғамда ол ересек адамдардың саналы шешімі есебінде қабылданады. Біз тек осы саналы шешім балаларға да қатысты болса дейміз. Бұндай шешімдерде баланың құқығы алдыңғы орында тұру керек. Ерлі-зайыпты некені бұзарда «балалардың алдағы өміріне кім жауапты, олар мұқтаждық көріп, моральдық, материалдық тұрғыда жүдеп, қасірет шекпес үшін біз не істеуіміз керек? Бұл реттегі әкенің міндеті қандай, ананың атқаратын шаруасы қалай болу керек?» деген сауалдарды талқылап, талдап, ортақ мәміле, келісім жасауға тиіс.

Қазақстанда бала құқығы бас орында. Ол мемлекеттік заңдармен арнайы анықталған. ҚР Конституциясы бала құқығының бұзылмауына ке-

пiлдiк бередi. Балаға қатысты барлық заңдылық ҚР Неке (ерлi зайыптылық) және отбасы туралы кодексiнде категорияланған, нақтыланған. Онда кәмелетке толмағандардың құқықтық жай-күйi толықтай сараланған. Онда «Ата-аналар өздерiнiң кәмелетке толмаған балаларын күтiп-бағуға мiндеттi. Кәмелетке толмаған балаларды күтiп-бағудың тәртiбi мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Ата-аналар өздерiнiң кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру жүйесiнде, күндiзгi оқу нысаны бойынша жоғары бiлiм беру жүйесiнде оқитын кәмелетке толған балаларын күтiп-бағу туралы келiсiм (алимент төлеу туралы келiсiм) жасасуға құқылы. Егер ата-аналар өздерiнiң кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ, жалпы орта, техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру жүйесiнде, күндiзгi оқу нысаны бойынша жоғары бiлiм беру жүйесiнде оқитын кәмелетке толған балаларын күтiп-бағу қаражатын ерiктi түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртiбiмен өндiрiп алынады» – делiнген. Бүгiнгi сот практикасындағы көп мысал осы мiндеттемелердiң орындалмайтынын, ерлi-зайыпты ажырасқанда көп жағдайда бала құқығының бұзылатынын көрсетiп отыр. Мемлекеттiк билiк тармақтары осы заңсыздықтармен күресуде. Баланың құқығын бұзу да үлкен қылмыс. Бала қандай жағдай болса да қиындыққа душар болмауы керек.

Эльмира АСУБАЕВА, Алакөл аудандық сотының төрағасы

КӨКЕЙКЕСТІ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛГЕН АДАМҒА ЗАҢДЫ ТҮСІНУ ҚИЫН ЕМЕС

ҚР Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарында қолданылады. Қазір іс қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және ісқағаздарын жүргізу тілі», – деп атап көрсетілген. Десек те, сот билігі қазақ тілінде сөйлеуде

маның қағидаларына сәйкес істі сот талқылауына дайындық сатысында тараптардың бірлесіп берген өтінішхаттары негізінде сот іс бойынша іс жүргізу тілін өзгерте алады.

Өкінішке қарай, сотқа берілетін арыздардың, жазбаша дәлелдемелердің, тіпті өкілдік ету сенім-

дірушілерінің пікірлерін ескерместен, заң тілінің күрделілігін сылтау етіп немесе өздеріне ыңғайлы болу үшін сотқа жүгінер кезде орыс тілін таңдайды.

Сот саласында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған іс-шаралар үзіліссіз іске асырылуы қажет. Мысалы, мемлекеттік тілді қолдану және дамыту мәселелеріне арналған кеңестер, мәжілістер, отырыстар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, дәрістер, т.б. шаралар, сот жүйесінде қазақ тілін қолдануды насихаттау, оның қолданылу аясын кеңейту жұмыстары үнемі жүргізілуі тиіс. Сот қызметкерлеріне жұмыс орындарында қазақ тілі курстарын және БАҚ құралдарында қазақ тілін үйрететін арнайы бағдарламалар енгізу қажет. Іс жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленген істер бойынша адвокатура, нотариат, заңгерлер палатасының мамандарының, жеке сот орындаушылардың сотқа ұсынатын құжаттардың мемлекеттік тілде болуын жіті қадағалау, банктер, салық органдардың, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік тілді сақтау мәселесі бойынша іс-шаралар өткізу қажет.

Тіл саясаты кез келген мемлекеттің ұлттық тағдырын шешетін киелі құбылыс. Жүрегі елім деп соққан әрбір адамның өзінің халқына, ұлтына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Мемлекеттік тілдің мәртебесі арқылы халықтың сотқа деген сенімі, сот билігінің беделі артады.

С.СӘРСЕНОВА, Ақтөбе қаласының №3 сотының судьясы



әлі де әлсіздік танытып келеді. Жасыратыны жоқ, тіліміз мемлекеттік мәртебе алуымен қанатын жая алған жоқ. Тілдің қолданылу аясын кеңейту және мемлекеттік қызмет салаларында ісқағаздарын ана тілімізде жүргізу, жаппай мемлекеттік тілде сөйлеу сияқты мәселелер әлі де өз деңгейінде емес. Азаматтық процесстік заңна-

хаттардың басым көпшілігі орыс тілінде дайындалып жолданады.

Бұдан басқа, кейбір жағдайда сот процесі барысында қарақөз отандастарымыздың өзі қазақ тілін жетік меңгермегендіктен аудармашының көмегін қамтуды талап етіп жатады. Ал кейбір жағдайда тараптардың өкілдері мемлекеттік тілді біле тұра және сенім біл-

БЕТБҰРЫС

СЕНІМ МЕН СЕРПІНДІ ҚАДАМДАР

Қазақстан судьяларының VII съезінде Президент Қ.Тоқаев адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз етудің аса маңыздылығын айта келіп, сот жүйесінің тәуелсіздігіне айрықша назар аударды. Президенттің: «Әділ сот төрелігі және азаматтарымыздың сот билігіне деген сенім арттыру міндетті шарт болуы керек. Судьялардың тәуелсіздігіне қатысты ешкімде күмән болмауға тиіс деп атап өтуі – сот билігін, оның құзыретін жаңа деңгейге көтерді десек, артық айтқандық емес.

Ал 2000 жылы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі» туралы конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің аса маңызды тұғыры болды дегуге болады.

Соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңмен белгіленді. Соттар бір жүйеге біріктіріліп, сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің оңтайлы және тиімді негізі қаланды. Конституциялық заң сот құзыретінің шегін айқындап, судьялар сот төрелігін жүзеге асырған кезде тек заңға ғана емес, әділеттілік, моральдық, құқықтық және саяси ұғымға сүйенетін болды.

Сот жүйесінде болып жатқан өзгерістер халықтың сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғаның өз құқығын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, сол арқылы азаматтарымыздың сот билігіне сенімін күшейтті.

Ал үстіміздегі жылдың наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңға және оған ілеспе заңға қол қойғаны белгілі.

Осы заңға сәйкес, енді құқық қорғау органдары судьяларға қысым көрсете алмайды. Судьяларға қатысты арнайы жедел-ізвестіру шаралары тек Бас Прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі. конституциялық заңға енгізілген мұндай өзгерістер судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға зор ықпал еткені сөзсіз.

Мемлекет басшысының еліміздегі сот билігіне, оның тәуелсіздігі мен төрелігінің биік деңгейде, бекем нұсқада болуына барынша назар аударуы бабаларымыздың: «Билік айту оңай, біліп айту қиын» деп, дауларға төрелік етудің қаншалықты ауыр әрі жауапкершілігі мол екенін сезіндіргендей болады.

Жанат МҮСІРӘЛІ, Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

**Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» МКК-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2023 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есебі**

«Алматы Су» МКК Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушыларына сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсетеді.

**Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы**  
**Сумен жабдықтау қызметі бойынша 2023 жылдың 1 жартыжылдығына инвестициялық бағдарламаның орындалуы:**

№	Іс-шаралар атауы	Табиғи көрсеткіштер		Сомасы, мың теңге			Ауытқу, %	Ауытқу себептері
		1 жылға бекітілді	Нақты көрсеткіш	2023 жылға бекітілді	Нақты (шарт сомасы)			
1	Сорғы агрегаттарын, бекіту-реттеу арматурасын, трансформаторлық қосалқы станцияларды, күштік трансформаторларды және өзге де жабдықтау сатып алу	233 бірлік	95 бірлік	516 145	273 025	-243 120		Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қайталама конкурстар өткізу
2	Су құбыры желілерін қайта жаңарту	46 007 нысан	5 694 нысан	3 229 883	248 675	- 2 981 208		Мемлекеттік сатып алу рәсімі
3	Су құбыры желілерін қайта жаңартуға техникалық және авторлық қадағалау	25 қызмет	1 қызмет	46 879	446	-46 433		Өз күшімен жұмыс жүргізу, мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеу
4	Сорғы станцияларын жөндеу және қайта жаңарту	8 нысан	-	117 000	-	- 117 000		
5	Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу	26 жоба	16 жоба	85 174	1 331	- 83 843		Мемлекеттік сатып алудың қайталама рәсімдері
6	Негізгі құралдарды сатып алу	873 бірлік	682 бірлік	56 147	83 105	26 958		Мемлекеттік сатып алудың қайталама рәсімдері
7	Өндірістік процесті басқару жүйелерін автоматтандыру	18 бірлік	1 бірлік	82 472	40 000	- 42 472		Мемлекеттік сатып алу рәсімі
8	Арнайы техниканы сатып алу	13 бірлік	6 бірлік	247 452	101 521	- 145 931		Мемлекеттік сатып алудың қайталама рәсімдері
<b>Барлығы</b>				<b>4 381 152</b>	<b>748 103</b>	<b>- 3 633 049</b>		

**Су бұру қызметі бойынша 2023 жылдың 1 жартыжылдығына инвестициялық бағдарламаның орындалуы:**

№	Іс-шаралар атауы	Табиғи көрсеткіштер		Сомасы, мың теңге			Ауытқу, %	Ауытқу себептері
		1 жылға бекітілді	Нақты көрсеткіш	2023 жылға бекітілді	Нақты (шарт сомасы)			
1	Көріз желілерін қайта құру	2055 с.м	675 с.м	1 002 350	6 437	-995 913		Мемлекеттік сатып алу рәсімі
2	Өндірістік ғимаратты күрделі жөндеу	1 нысан	-	43 694	-	- 43 694		
3	Көріз желілерін қайта құруға авторлық қадағалау	10 қызмет	-	45 886	-	- 45 886		Жұмыстарды өз күштерімен жүргізу
4	Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу	37 жоба	6 жоба	17 117	62 362	- 45 245		Мемлекеттік сатып алу рәсімі
5	Негізгі құралдарды сатып алу	28 бірлік	-	736 213	-	- 736 213		Мемлекеттік сатып алудың қайталама рәсімдері
<b>Барлығы</b>				<b>1 845 260</b>	<b>68 799</b>	<b>- 1 776 461</b>		

**Сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметаларды орындау туралы**  
Кәсіпорынға 2020-2024 жылдардағы бес жылдық кезеңге сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің тарифтері мен тарифтік сметалары бекітілді.

**2023 жылдың 1 жартыжылдығында сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаны баптар бойынша орындау:**

№	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Табиғи көрсеткіштер		Сомасы, мың теңге			Ауытқу, %	Ауытқу себептері
		2023 жылға бекітілген тарифтік смета, мың теңге	Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері, мың теңге	Ауытқу, %				
<b>I</b>	<b>Қызмет көрсетуге арналған шығындар</b>	<b>12 962 494</b>	<b>7 069 573</b>	<b>-45,5</b>				
<b>I</b>	<b>Материалдық шығындар, барлығы</b>	<b>3 445 041</b>	<b>1 668 094</b>	<b>-51,6</b>				
1.1	Шикізат және материалдар	139 328	88 913	-36,2		Бағалардың өсуі		
1.2	Жанар-жағармай материалдары	191 259	152 344	-20,3		Бағаның өсуі, өндірістік қажеттіліктің артуы		
1.3	Отын	7 866	7 767	-1,3		Нақты қажеттілік бойынша бағаның өсуі		
1.4	Энергия	3 106 588	1 419 070	-54,3				
<b>2</b>	<b>Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы</b>	<b>4 945 203</b>	<b>2 887 680</b>	<b>-41,6</b>		Нақты жалақы бойынша		
<b>3</b>	<b>Амортизация</b>	<b>3 030 060</b>	<b>1 523 820</b>	<b>-49,7</b>				
<b>4</b>	<b>Жөндеу</b>	<b>350 525</b>	<b>242 522</b>	<b>-30,8</b>		Нақты жасалған шарттар бойынша		
<b>5</b>	<b>Басқа шығындар</b>	<b>1 191 665</b>	<b>747 457</b>	<b>-37,3</b>				
5.1	Күзет қызметтері	21 741	14 866	-31,6		Қызметтер бағасының өсуі		
5.2	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	63 922	53 126	-16,9		Бағалардың өсуі		
5.3	Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем	9 297	4 635	-50,1				
5.4	Жер асты суларын өндіруге салынатын салық	434 008	237 644	-45,2		Мөлшермелер мен АЕК-тің өсуі		
5.5	Коммуналдық қызметтер	36 540	25 484	-30,3		Коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі		
5.6	Сактандырудың міндетті түрлері	65 598	41 207	-37,2		Жалақы шығындарының өсуі		
5.7	Қоршаған ортаны қорғау	1 950	2 016	3,4		Нақты экологиялық көрсеткіштер және АЕК өсімі бойынша		
5.8	Түбіртектерді рәсімдеуге арналған шығыстар	134 605	82 554	-38,7		Тұтынушылар санының артуы		
5.9	Басқа шығындар, барлығы	424 004	285 925	-32,6				
<b>II</b>	<b>Кезең шығыстары, барлығы</b>	<b>536 254</b>	<b>227 674</b>	<b>-57,5</b>				
<b>6</b>	<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы</b>	<b>536 060</b>	<b>227 555</b>	<b>-57,6</b>				
6.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы	302 048	107 041	-64,6		Сандарды оңтайландыру		
6.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӨМС	34 886	12 098	-65,3				

6.3	Салықтар мен төлемдер	125 340	66 589	-46,9		Увеличение налога на имущество в связи с передачей на баланс объектов
6.4	Өзге де шығыстар	73 786	41 827	-43,3		
7	Сыйақы төлеуге арналған шығыстар	194	119	-38,7		
<b>III</b>	<b>Барлық шығындар</b>	<b>13 498 748</b>	<b>7 297 247</b>	<b>-45,9</b>		
<b>IV</b>	<b>Пайда, шығын</b>	<b>837 851</b>	<b>-1 352 190</b>			
<b>V</b>	<b>Барлық табыс</b>	<b>13 528 544</b>	<b>5 945 057</b>	<b>-56,1</b>		
<b>VI</b>	<b>Көрсетілетін қызметтердің көлемі, мың.м3</b>	<b>172 018</b>	<b>87 144</b>	<b>-49,3</b>		1 және 3 топтарының тұтынушыларының көлемінің ұлғайту
<b>VII</b>	<b>Тариф орташа (КҚС-сыз)</b>	<b>78,65</b>	<b>68,22</b>	<b>-13,3</b>		
	Орташа айлық жалақы-барлығы, теңге,	167 880	197 215	17,5		
	Өндірістік персонал, теңге	163 321	194 864	19,3		
	Әкімшілік персонал, теңге	284 898	278 404	-2,3		

**2023 жылдың 1 жартыжылдығында су бұру қызметіне тарифтік сметаны баптар бойынша орындау:**

№	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	2023 жылға бекітілген тарифтік смета, мың теңге		Ауытқу, %	Ауытқу себептері
		Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері, мың теңге			
<b>I</b>	<b>Қызмет көрсету шығындары</b>	<b>4 914 859</b>	<b>3 052 284</b>	<b>-37,9</b>	
<b>I</b>	<b>Материалдық шығындар, барлығы</b>	<b>802 192</b>	<b>439 164</b>	<b>-45,3</b>	
1.1	Шикізат және материалдар	2 736	1 093	-60,1	Нақты қажеттілік бойынша
1.2	Жанар-жағармай материалдары	77 380	60 824	-21,4	Бағаның өсуі, өндірістік қажеттіліктің артуы
1.3	Отын	9 595	5 372	-44,0	Нақты қажеттілік бойынша газ бағасының өсуі
1.4	Энергия	712 481	371 875	-47,8	Нақты шығындар бойынша
<b>2</b>	<b>Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы</b>	<b>2 164 346</b>	<b>1 430 301</b>	<b>-33,9</b>	Нақты жалақы бойынша
<b>3</b>	<b>Амортизация</b>	<b>1 286 870</b>	<b>650 114</b>	<b>-49,5</b>	Тарифтік смета шегінде
<b>4</b>	<b>Жөндеу</b>	<b>280 801</b>	<b>181 034</b>	<b>-35,5</b>	Нақты жасалған шарттар бойынша
<b>5</b>	<b>Басқа шығындар</b>	<b>380 650</b>	<b>351 671</b>	<b>-7,6</b>	
5.1	Күзет қызметтері	2 634	3 295	25,1	Қызметтер бағасының өсуі
5.2	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	32 725	31 542	-3,6	Бағаның өсуі
5.3	Коммуналдық қызметтер	7 391	6 908	-6,5	Тарифтердің өсуі
5.4	Сактандырудың міндетті түрлері	27 399	19 156	-30,1	Жалақы шығындарының өсуі
5.5	Қоршаған ортаны қорғау	137 985	148 081	7,3	Нақты экологиялық көрсеткіштер және АЕК өсімі бойынша
5.6	Түбіртектерді рәсімдеуге арналған шығыстар	57 688	33 393	-42,1	Тұтынушылар санының артуы
<b>5.7</b>	<b>Басқа шығындар, барлығы</b>	<b>114 828</b>	<b>109 296</b>	<b>-4,8</b>	
<b>II</b>	<b>Кезең шығыстары, барлығы</b>	<b>575 854</b>	<b>388 177</b>	<b>-32,6</b>	
<b>6</b>	<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы</b>	<b>575 808</b>	<b>388 151</b>	<b>-32,6</b>	
6.1	Өндірістік қызметкерлердің жалақысы	101 367	43 297	-57,3	
6.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӨМС	11 708	4 894	-58,2	Сандарды оңтайландыру
6.3	Салықтар мен төлемдер	436 104	323 042	-25,9	Объектілердің балансына берілуіне байланысты мүлік салығын ұлғайту
6.4	Өзге де шығыстар, барлығы	26 629	16 918	-36,5	
7	Сыйақы төлеуге арналған шығыстар	46	26	-43,5	
<b>III</b>	<b>Барлық шығындар</b>	<b>5 490 713</b>	<b>3 440 461</b>	<b>-37,3</b>	
<b>IV</b>	<b>Пайда, шығын</b>	<b>567 449</b>	<b>-1 034 202</b>	<b>54,8</b>	
<b>V</b>	<b>Барлық табыс</b>	<b>5 838 648</b>	<b>2 406 259</b>	<b>-58,8</b>	
<b>VI</b>	<b>Көрсетілетін қызметтердің көлемі, мың.м3</b>	<b>133 312</b>	<b>68 130</b>	<b>-48,9</b>	Тұтынушылардың 1 және 3 топтарының көлемінің ұлғайту
<b>VII</b>	<b>Тариф орташа (КҚС-сыз)</b>	<b>43,80</b>	<b>35,32</b>	<b>-19,4</b>	
	Орташа айлық жалақы, теңге	166 962	200 389	20,0	
	Өндірістік персонал, теңге	163 321	198 530	21,6	
	Әкімшілік персонал, теңге	284 898	278 404	-2,3	

**Қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы, қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы**  
Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің, қызмет тиімділігінің көрсеткіштері ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифтерді бекіту кезінде бекітіледі. Кәсіпорынға тарифтер шығын әдісті қолдана отырып, бес жылдық кезеңге бекітілді, онда бұл көрсеткіштер бекітілмеген.

**Қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы (Пайда мен шығындар туралы есеп)**

№	Көрсеткіштердің атауы	2023 жылдың 1 жартыжылдығы, мың теңге
1	Негізгі және негізгі емес қызметтен түскен кірістер	9 738 342
2	Шығыстар	11 189 765
3	Қаржылық нәтиже	- 1 451 423

**Көрсетілген сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемі туралы**  
2023 жылғы 1 жартыжылдықта 87,1 млн текше метр сумен жабдықтау және 68,1 млн текше метр су бұру қызметтері ұсынылды.

**Тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы**  
Кәсіпорын қызметінің мәселелері бұқаралық ақпарат құралдарында және веб-сайтта жарияланады www.almatysu.kz. Анықтамалық-ақпараттық қызмет (сап-орталық), орталық диспетчерлік қызмет, сенім телефоны жұмыс істейді, тұтынушыларға қызмет көрсететін төрт орталық жұмыс істейді.

Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін тұтынушының жеке кабинетіндегі мобильді қосымша жұмыс істейді. Қарыз сомасы, төлем және басқа да деректер көрсетілген берешектің бар екендігі туралы СМС хабарламалар таратылады.

**Қызмет перспективалары туралы**

«Тарифті инвестицияларға айырбастау» жана тарифтік саясаты шеңберінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап және 2024 жылға арналған сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тарифтер бекітілді.

**2023-2024 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламалар** желілердің тозығын азайту мақсатында қосымша іс-шаралар ескеріле отырып бекітілді:

2023 жылға сумен жабдықтау қызметтеріне – 4 381 млн теңге, оның ішінде қосымша іс-шараларға – 1 448 млн теңге; су бұру қызметтеріне – 1 845 млн теңге, оның ішінде қосымша іс-шараларға – 1 269 млн теңге.

2024 жылға сумен жабдықтау қызметтеріне – 4 875 млн теңге, оның ішінде қосымша іс-шараларға – 2 440 млн теңге.; су бұру қызметтеріне – 18 239 млн теңге, оның ішінде қосымша іс-шараларға – 17 616 млн теңге (бюджет қаражатынан 16 000 млн теңге).

## ТАРАТУ

2. «Jam-Ai-Ka» ЖШС, БСН 111240019200, жұмысын тоқтату жөнінде хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 34 шағын аудан, 2 үй, 96 пәтер. Байланыс нөмірі: +77016564017.

3. «S & J Construction Group» ЖШС, БСН 190240001488, жұмысын тоқтату жөнінде хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 34 шағынаудан, 2 үй, 96 пәтер. Байланыс нөмірі: +77016564017.

4. «LUX аптека» ЖШС, БСН 210540014102, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Қатын көпір ықшам ауданы, Дулатов көшесі, 60. Тел: +7778865577.

5. «Ауылшаруашылық саудасы» ЖШС, БСН 190940019486, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ф. Мүсірепов ауданы, Новошиимское ауылы, Лифт көшесі, 11, тел.: 8775124122.

9. «Software Service» ЖШС (БСН 080240002989) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 61А үй.

10. «TOLEP POST»-ның (БСН 190840012316) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Төлеп ауылы, А.Махұтов көшесі, 4 үй, 1 пәтер.

12. «R.S Golden city» ЖШС, БСН 220240000319, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-3 ықшамауданы, 8 үй, 4 пәтер. Тел.: 87472225522.

## ӘЙТҮРЛІ

СҰХБАТ

Думан ТЕРЛІКБАЕВ, Factcheck.kz-тің атқарушы редакторы:

«МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҰРЫНБАС ҮШІН СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ҚАЖЕТ»

«Қазіргі әлемде шындықты фейктен ажырата білу байлық пен кедейлік, соғыс пен бейбітшілік, тіпті өмір мен өлім арасындағы айырмашылықты білдіруі мүмкін» деген кәсіпкер Роберт Кийосакидің сөзі бүгінгі біз көтермек мәселенің түп негізін көрсетіп тұрғандай. Бүгінгі ақпарат майданында кейде ақ пен қараны ажырата алмай қаламыз. Сол себепті ақпаратқа қанық адам, қарулы адам демекші, фейкпен күресудің де жолдары бар. Оның жолдарын бізге елімізде осы іспен кәсіби шұғылданатын Factcheck.kz-тің атқарушы редакторы Думан Терлікбаев айтып берді.


– Думан, фактчекинг бөлек бағыт ретінде қашаннан бері әлем тәжірбиесіне енді, оған қандай факторлар әсер етті? Еліміздегі фактчекингтік ресурстың негізін салушылар кімдер?

– Бұл форматтың әлем тәжірбиесінде қолданыс аясы кең. Әрине әр кезеңнің өзіне тән кедергілері бар, мысалы, бүгінгі күнгі дипфейк, жасанды интеллект деген сынды. Фактчек формат ретінде бұрыннан келе жатса да, уақыт талабымен мамандар осы салаға айрықша көңіл бөліп, профессионалды түрде ауқымды жұмыстар атқарауда. Негізгі үлкен факторлардың бірі АҚШ-тағы Президенттік сайлау. Сайлау кезінде осы формат бағыт ретінде белсене дами бастады. Өйткені, сайлауға қатысушы қарсылас екі тарап жақтастары немесе кандидаттар бір-бірі жайында манипуляциялық не фейк ақпарат таратып, қоғамдық санаға ықпал етуге тырысатын. Ал елімізде Думан Смаков, Адиль Джалилов бастаған Factcheck.kz командасы 2017 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бұл Орта Азиядағы бірінші ресми фактчек ресурсы болып табылады. Жұмыс барысында біз International Fact-Checking Network (IFCN) – Халықаралық фактчекинг желісінің принциптеріне сүйенеміз. Әлем бойынша көп мемлекеттерде фактчек ресурстар ашылған, әрбір елде бар деуге болады. Әрине олармен біз әрқашан байланыста болуға ты-

рысамыз. Мысалы бүгінде Ресей мен Украина арасындағы жағдайға байланысты, әсіресе, Украинадағы, Еуропадағы мамандармен тығыз байланыстамыз. Өйткені, қазіргі жағдайға сәйкес пропаганда және манипуляция белсенді жүрде. Біздің мақсат жалған ақпаратпен, ақпараттық манипуляциялармен, фейк жаңалықтармен күресу.

– Фактчек ресурстарының дамуына ерекше әсер еткен әлемдік жағдайларды айтып қалдыңыз, өз тәжірбиеніңден фейк пен манипуляция зардаптары жайында айтып берсеңіз.

– Қоғамға фейк пен манипуляцияның тигізген ауыр зардаптарын негізі сіз де біз де бастан өткердік. Әсіресе, пандемия кезінде. Адамдар псевдо ғалымға сеніп, қателіктерге бой алдырып жатты. Бұл қателіктер кей тұста адам өмірінің құнымен пара-пар болды. Аурудың бар-жоғы турасында, вакцина тиімділігі жайында өте көп жалған ақпарат тарайды. Қоғам сонда дабырап, кімге сенерін, не істерін білмей қалды. Әсері біреуге жанама, біреуге тіке тиді десек те, бұл негізі үлкен әрі өткір мәселе. Халықтың манипуляцияға еріп кетуінің себептері де негізі өте көп. Дегенмен, жалған ақпараттың соңы ешқашан жақсылыққа апармайтынына пандемия кезінде орын алған жайттар көзімізді жеткізді деген ойдамын.



Халық осыдан үлкен сабақ алған болар. Бұл менің практикадан келтіретін ең үлкен мысал.

– Пандемия кезіндегі жағдайға бәріміз күеміз, бұндай әрекетке бір мүдделі топтар әдейі барады деп ойлайсыз ба, әлде мәселе басқада ма?

– Бұл сұраққа тікелей жауап беру мүмкін емес. Мен сізге мына адамдар, мына басылымдар, немесе мына топтар осындай әрекетке барады деп статистика келтіре алмаймын. Өйткені, біріншіден ондай статистика жүргізбейміз, екіншіден әр түрлі жағдай болуы мүмкін. Манипуляциямен журналистер де, ресми тұлғалар да, қарапайым адамдар да айналысады. Манипуляция адамның табиғатына тән психико-эмоционалды жағдайының бір бөлігі. Адам тіпті, өзінің манипуляция жасағанын байқамауы да мүмкін. Әрине журналистер қаралым жинау үшін, қоғамға ықпал ету мақсатында осындай әрекетке барып жатады. Келтірілген гипотезаларды нақты шешім ретінде беріп жататын жағдайлар кездеседі. Ресми тұлғалар да мысалы жаңа заң жобасын енгізу барысында, кей фактілер мен

деректерге қатысты манипуляция жасап жатады. Қарапайым тұлғаларды да бұл себептер айналып өтпейді. Әркімнің өз мақсат мүддесі бар. Бірақ бұл адам бойындағы био-химиялық процесс және соның жемісі болғандықтан, белгілі бір деңгейде манипуляция жасау адам табиғатына тән, табиғи дүние деуге де келеді. Бірақ та біз кәсіби журналистер командасы, арнайы салалық эксперттер және мамандармен жұмыс жасай отыра, осындай тұлғалардың барынша эмоцияға бойалдырмай, берілетін және таратылатын ақпаратқа барынша мұқият болуларына септігімізді тигізуге мүдделіміз.

– Осы тұста ақпарат сараптауға қатысты қандай кеңес бересіз.

– Әр адам өзінің сыни ойлай алу қабілетін дамытуы маңызды. Кез келген дерекке күмәнмен қарау керек. Тіпті, беріліп жатқан ресми статистикада негізгі шындықпен жанаспауы мүмкін. Біреуге ақыл айтудан аулақпын дегенмен, ақпаратты саралаңыз, ең кемі халықаралық ресми деректерді ашыңыз, Google-ды қолданыңыз. Сурет пен бейненің бірінші дереккөзін осы іздеу жүйесі арқылы тез-ақ табуға болады. Ресми емес сайттардан, әсіресе, месенджерлерден келетін ақпараттардан сақ болыңыздар. Адамдарды адастырып жататын көбіне «What's app», «Instagram» сынды желілерден келетін, шығу тегі белгісіз ақпараттар. Бірақ әрине қазір адамдарда белгілі бір деңгейде иммунитет қалыптасқан секілді, бұл менің субъективті ойым. Дегенмен, айтылған қағидаларды естен шығармауымыз маңызды.

– Қазір әлемде фейк, ақпарат пен манипуляция жасаудың қандай формалары белең алуда? Неге дайын болуымыз керек?

– Басында айтып өткендей дипфейк, технологияның дамуына байланысты көптеген даулар тудырады. Бірақ бұл мәселені тудырған сандық технология, шешімі де сонда. Сондықтан қорқып қажет емес. Өйткені, бұндай ақпараттарды да тексеріп, шындықты анықтауға мүмкіндік бар.

– Сұхбатыңызға рақмет! Нұрбол ЖЫЛЫС, «Заң газеті»

АБАЙЛАҢЫЗ!

АЙЫППҰЛ АРҚАЛАП ҚАЛМАҢЫЗ

Осы айдың басында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Онлайн платформалар және онлайн-жарнама туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Ол блогерлерге салық салуды ғана емес, сондай-ақ, блогерлердің жауапкершілігін көтеріп, жалған ақпарат таратса, айыппұл төлетуге де міндеттейді және сонысымен де құнды болып отыр.

Өйткені, талай рет артында мыңдаған жазылушысы бар блогерлердің түрлі ақпарат таратып, тіпті заңсыз қаржы ұйымдарын жарнамалап, одан қалды жалған ақпарат беріп талай адамды зуре-сарсаңға салған жағдайлар да кездескен болатын. Сондықтан халық сенген, сөзі өтетін танымал тұлғаның жауапкершілігін көтере отырып, қоғамдағы жалған ақпараттың таралуының да алдын алуға болатыны қуанып отыр.

Осы орайда атап өтер жайт, мысал екеп төңірегінде ел ішінде қауесет көп. Негізсіз, ғылыми тұжырымдамасыз айтылған екеп төңірегіндегі талай жалған ақпарат екепеден бас тартатындардың қатарын арттырды. Соның арқасында қоғамда екепеден бас тартқандар саны түсті. Мұның арты тіпті сорақы болып, қазіргі таңда балалар арасында қызылша ауруының таралуы еселеп өскенін медицина мамандары растап отыр. Бұл бір ғана мәселедегі жалған ақпа-

раттың залалы. Ал күн сайын еститін талай жалған ақпараттың әрбірінің артында кісі тағдыры, бұқараны адастырып отырғанын барлық адам түсіне білуі керек.

Ал күнделікті жағдайларда, одан қалды әсіресе, төтенше жағдай кезінде халықты адастыратын әрбір ақпараттың сұрауы болмаса қоғамға тигізетін қауіп де арта бермек. Онсыз да ел үрейленіп отырған сәтте жалған ақпарат таратып, ел ішін үрейге бөлеп, өзінің жымысқы әрекетін жүзеге асырғысы келетін жекелеген адамдардың да жалған ақпарат таратуына аталмыс заң тұсау болса құба құп.

Жалпы, қоғам үшін кез келген жалған ақпараттың залалы көп. Мәселен, «бір жерде жарылғыш зат қойылған, сақтаныңыздар!» деп заң орындарына хабарласатын алаяқтар да көбейіп кетті. Ал сол сәтте қарапайым халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін атқа қонатын мамандардың еңбегі ғана емес, шығыны

да шаш етекпен. Бір жалған ақпарат мемлекет бюджетіне айтарлықтай жүк. Яғни, кез келген жалған ақпарат қоғам үшін аса зиян. Сондықтан барлық жағынан зиянды жалған ақпараттың жолын кесу қажет. Көп жағдайда елді үрейлендіріп,



жалған ақпарат таратып отыратындар бұл іске еріккендіктен баратынын естиміз. Әсіресе соңғы кездері мұндай жағдай жиілеп кеткендіктен жоғарыдағы заңның қажеттілігі анық сезілді. Жалған ақпараттың жолын кесіп, кез келген жанның жауапкершілігін көтере алса бұл заңның басты мақсатына жеткені. Осы орайда бұл қоғам сұранысынан

туындаған заң деп айта аламыз. Қазір жалған ақпаратты тексерудің түрлі жолдары іске қосылған.

Осы орайда айта кетсек, жалған ақпаратты орналастыратын немесе тарататын онлайн-платформалардың пайдаланушылары үшін – 20 АЕК, ал кәсіпкерлік қызметпен айналысатын блогерлер үшін 40 АЕК көлемінде айыппұл салынады деп көзделіп отыр. Екі ай ішінде күшіне

енетін заң жобасына қазір түсіндіру жұмыстары жүріп жатыр. Сондықтан алдағы уақытта жалған ақпараттың жазасы бар екенін естен шығармаған жөн.

Осы мәселеге орай заңгер Асхат Көпбаев бұл заң «көп мәселенің ортақ шешімі болады» дейді. «Қазір блогер деген топ пайда болды. Мемлекет неше жыл олардың ықпалын ескер-

мегенімен, артында миллиондаған жазылушысы бар немесе аяқ асты өзін блогер санап, қолына телефонын алып, ақпараттымен әлеуметтік желіде бөлісуге асыққан жандардың жауапкершілігі болуы керек. Әйтпесе, халық адасып бітті. Талай адам блогерлердің шала ақпаратының арқасында қызыл нәскиді пір тұтып немесе болмайтын тасбақаны әулие санап адасып кетті. Осындай жалған ақпарат таратқандар үшін блогерлерді жауапкершілікке тарту жазасын қолданған дұрыс. Әйтпесе соңғы жылдары жалған ақпараттар тым көбейіп кетті. Әсіресе, бірнеше жыл бұрын пандемия кезінде жалған ақпарат онсыз да үрейленіп отырған халықты одан бетер құтын қашырғанына куә болдық. «Адамдар чиптеледі», «Вирусты ұшақ арқылы ауаға шашады», «екпе алған адамдардың ішкі органдары бірнеше жылдан соң іріп кетеді», «ковидке жарқанат сорпасы ем» деген секілді ақпараттар талай адамды адастырды», – дейді заңгер.

Айта кетейік, дәл қазіргі күні елімізде блогерлердің нақты саны белгісіз. Блогер ретінде пайда табатын азаматтар 9 қыркүйекке дейін кәсіпкер ретінде тіркелуі керек. Заң аясында әлеуметтік желіде жалған ақпарат таратқандарға 20 АЕК, яғни, 69 000 теңге айыппұл салынады. Сондықтан блогерлер ғана емес, жалпы қоғамның кез келген мүшесі жалған ақпараттың жазасы бар екенін ұмытпағаны жөн!

Қ. ЕРМЕКОВА, «Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location (Астана, Алматы облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Маңғыстау облысы, Қызылорда облысы, Түркістан облысы, Батыс Қазақстан облысы) and Name (Айша Құрманғали, Нұрбол Әлдібаев, Жансая Есмағанбетова, Боранбай Ғалиев, Жазира Әбіл, Гүлбану Мақажан, Сейітхан Құлмаханбетов, Шадияр Мекенбайұлы, Нұрлыбек Рахманов).

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5596 дана Апталық таралым 11 192 дана

Тапсырыс №109 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31